



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТАПСЫРМА БАР, АРЕКЕТ ЖОҚ



Бір кездері барлық елді мекеннің іші-сырты мен ауыл және қалааралық жолдарының бойында жер жағдайына қарай терек, тал, қарағаш, жиде сияқты ағаштар жайқалып тұратын. Бұл адамға ғана емес, ұшқан құстан бастап, жүгірген аңға дейін барлық жан-жануарға ыстық пен суықта пана болып, шаң мен тозаңнан қорғайтын.

1990 жылдардағы өтпелі кезеңде ауылдық, аудандық, облыстық, республикалық маңызына қарамастан жол бойындағы ағаштардың көпшілігі қараусыз, күтімсіз қалды. Алды құрап, одан қалғаны отынға кесіліп кетті. Тіпті жол тұрмақ, елді мекендердегі желдің өтіне тосқауыл болады деп арнайы егілген жасыл желек те әй дер ажа, қой дер қожа болмағандықтан талан-таражға түсіп, жойылуда. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» дегендей, тіршілік қамымен ауыл тұрғындарынан аудан орталығы мен қалаларға қарай көшетіндер көбейді. Олардың көпшілігі орталықтан баспана таба алмағандықтан жағдайына қарай, қала сыртынан жер телімін сатып алып, үй салуға тырысуда.

(Соңы 8-бетте)

ҰЛТ ТАЗАЛЫҒЫН ҰЯТ САҚТАЙДЫ

2-бет



БАРЛЫҚ МӘСЕЛЕНІҢ БАСЫ – БАСПАНА

3-бет



ТАРИХЫН ТАБЫС КӨЗІНЕ АЙНАЛДЫРҒАН ЕЛ

8-бет

КӨКЕЙКЕСТІ



ЖҮЙКЕНІ ЖҰҚАРТҚАН ЖОЛАҚТАР

Жол сақшылары автобус жолағына шыққан көліктерді бакылау үшін жиі рейд жүргізеді. Алайда бакылау қарапайым жүргізушілердің көңіл-күйіне ғана емес, қалтасына да теріс әсер еткен. Себебі, «Сергек» секілді бакылау құрылғысы жылдамдықты асырып, «стоп» сызығынан асқандар мен автобус жолағына шыққандарға шетінен айыппұл арқалатып жатыр.

Жол үстінде жүйткіп, жолаушылар көлігінің алдына кесе-көлденең шығатын жүргізушілерге айыппұл салынса артық емес дейтініміз рас. Керісінше, көлік тізгіндеген тентектерді тезге салатын соңғы технологиялардың көптеп қолданысқа енгізілгенін қалар едік. Алайда, көңілге қонымды іске көңілі толмай жүрген жеке жүргізушілердің өз уәжі бар.

(Соңы 3-бетте)

ЖАНАЙҚАЙ

ЖЕТІ ЖЫЛҒА СОЗЫЛҒАН ДАУ

Кәсіпкер мен Ұлттық парк «итжығысы» қашанға дейін жалғаспақ?

ӘДЕТТЕ, ДАУҒА КЕЗІККЕН АДАМ СОҢҒЫ ҮМІТІН АРҚАЛАП, СОТҚА БАРАДЫ. ҮШІНШІ БИЛІКТЕН ДЕ ҮМІТІН ҮЗГЕН ЖАН, АМАЛ ЖОҚ, РЕДАКЦИЯЛАРДЫ ЖАҒАЛАЙДЫ. ӘРИНЕ, БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА СОТТЫҢ ШЕШІМІН ЖОҚҚА ШЫҒАРАТЫН НЕМЕСЕ ӨЗГЕРТЕТІН, БАСШЫЛАРДЫҢ БҰЙРЫҒЫН БҰЗАТЫН ҚҰЗЫРЕТ ЖОҚ. ДЕГЕНМЕН, ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚ ПЕН ЖОҒАРЫ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРДЫҢ АРАСЫНДА «АЛТЫН КӨПІР» ҚЫЗМЕТІН АТҚАРУҒА ҚАУҚАРЫ ЖЕТЕДІ. МІНЕ, ӘДІЛДІК ІЗДЕГЕН АДАМ ОСЫ МҮМКІНДІКТІ ПАЙДАЛАНУҒА КЕЛІП ЖАТАДЫ.

Жуырда бізге, өзін жәбірленуші санап жүрген бір азамат келді. Аты-жөні – Сұлтан Садықов. «BALNUR» атты жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің басшысы. Кәсібінің бағыты – туризм саласы. Әуелі оның арызда көрсеткен уәждеріне құлақ түріп көрелік.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкердің жұмысына заңсыз араласуға тыйым салды.

Кәсіпкер мен инвесторлар құқығы заңмен қорғалуы тиіс. Осыны басты бағыт етіп ұстануды тапсырған Президент, соның қатарында, Ұлттық парктерде экотуризмді дамытуды да айрықша атап көрсетті. Алайда, «Сайрам-Өгем» ұлттық паркінде жағдай мүлдем басқаша.

2011 жылы менің басқаруымдағы «BALNUR» ЖШС Сайрам Өгем МҰТП-нан туризм және реа-

крация мақсатында 7 га жерді 49 жылға жалға алған болатын. Осы кезге дейін 7 рет келісімшарт түзіліп, 2 рет сот арқылы бұзылды. Жалпы, сот процесі 7 жылдан астам уақытқа созылды. Соңғы сот 2016 жылы басталып, 3 жылдан астам уақытымды алды. Сот барысында Ұлттық парк басшылары жалған құжат, яғни түпнұсқасы жоқ ксерокөшірмені негізге алып, (заңда ешқандай ксерокөшірме негізге алынбаса да) барлық сот инстанцияларында жеңген болатын. Мен парк басшылығына құжаттың жалған екендігі жөнінде бірнеше рет ескерту хат жіберген болатынмын. Бірақ парк басшылығы бұл уәжіме құлақ асқысы келмеді. Келісімшартқа отырғалы бері жалға алынған жерді игеру үшін 300 000 АҚШ долларынан астам инвестиция құйып, көпір, жол салдым. Электр желісін, су жүйесін тартып, ұлттық бизнес рейтингі бойынша республикада 14-орында, салық төлеуден алтын жүлдегер иесі болғанмын.

(Соңы 5-бетте)

ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТУДЫҢ ТҮЙТКІЛІ ҚАШАН ШЕШІЛЕДІ?

Нұрлан ДУЛАТБЕКОВ, заң ғылымының докторы, профессор:

– Кеңес одағы кезінде бұл мәселе оңай шешілетін. Жұмыспен бірге жатақхана да беріліп, жастар тұрғын жайдан қысылмайтын. Жұмысы бар, бір бөлме болса да баспанасы болған соң, жас жұбайлар да тез жарасып кететін. Ал қазір жұмыссыздық бір шалғайдан тартып тұрғанда, пәтердің жоқтығы екінші соққы болып тиюде. Әлеуметтік жағдайы төмен, тұрмыс тауқыметін тартқан жастар ажыраспай қайтсін! Мекенің бұзылуына әлеуметтік жағдайдың нашарлығы бірден-бір себеп. Оның үстіне, қазіргідей нарықтық заманда Кеңес одағы кезіндегідей тегін жатақханамен қамтамасыз ету қиындау. Сондықтан жастарды баспаналы етудің басқа жолдарын қарастыру керек.

Елімізде жастарды қолдауға арналған бағдарламалар көп болғанымен, баспанамен қамтамасыз ету мәселесі әлі күнге өзекті күйінде қалып отыр. Үйсіз, пәтерден пәтерге көшіп, ақырында тұрмыстың тауқыметіне шыдамай шаңырағы шайқалып жатқан жас жұбайлар да көп. Бұл түйткілді қалай шешеміз?

Жанұзақ ӘКІМ, экономист:

– Елімізде жастар мәселесі дұрыс шешілмегендіктен, жыл сайын шекара асатын қарақөздердің қатары көбейіп барады. Жұмыс істейін десе жалақы төмен, үй алайын десе пайызы жоғары. Көпшілігі тұрғын үй үшін 25 жыл бойына еселеп қайтаратын несие қамытын мойнына ілгісі келмейді. Үйленейін десе, әлеуметтік жағдайының нашарлығына намыстанады. Сөйтіп, елімізде сұрбойдақтар көбейіп, еті тірілерінің материалдық ахуалын түзеу үшін шекара асуы қалыпты үрдіске айналып барады. Бұл еліміз үшін өте өзекті мәселе.

Бүгінде Кореяға «алты ай жұмыс істеп келем» деп кетіп, сол жақта жерсініп қалып жатқандар көп. Тіпті, елдегі бағаман салыстырып, қолындағы қаржысына шетелден баспана алып жатқандар да жетерлік. Бұлай кете берсе, елімізден жерінетін жастардың қатары арта бермек.

(Соңы 3-бетте)

ҰЛТ ТАЗАЛЫҒЫН ҰЯТ САҚТАЙДЫ

Ақпарат шекараға бағынбай-тын бүгінгі заманда ұлттық құндылықтарға үлкен қауіп төніп тұр. Рас, тәуелсіздік алған жылдар ішінде оларды сақтау бағытында аз жұмыс істелген жоқ. Руханият саласында жүзеге асырылған жобалар аясында өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды. Алайда, ол жеткіліксіз. Өйткені, қазіргі таңда батыс елдерінің кейбір теріс идеологиялық технологияларымен күресу әлдеқайда қиын және ол көзге көрінбейді.

Мәселен, ҚР Жоғарғы Сотының шешіміне сәйкес мемлекетімізде экстремистік, террористік бағыттағы 22 ұйым анықталып, қызметіне тыйым салынған. Олар Қазақстанның қоғамдық өміріне араласып, ірікті салып, ішкі тыныштықты, халық бірлігін бұзу үшін жұмыс істеуге тырысты. Шетел саясаткерлері арасында шындыққа жанаспайтын сепаратистік пиғыл танытып жүрген жеке адамдар да аз емес. Жаһаннан жетіп жатқан осындай келеңсіздікке өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды қарсы қоюымыз керек. Күні кеше Парламент Сенатында өткен дөңелек үстел әлемдік өркениет көшінен өз орнын табуға талпынған еліміз үшін осы мәселелердің өзектілігін алға шығарып, оны шешудің жолдарын айқындаған сындарлы диалог алаңына айналды. «Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу – кешенді жаңғырудың негізі» тақырыбына арналған бұл парламенттік тыңдауда ұлттық құндылықтың негізі – тіл, діл, жер тағдыры, ұрпақ тәрбиесі әңгіме өзегіне айналды.

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев жалпы елімізде жүйелі жаңғыру жұмыстары қолға алынған шақта ұлттық құндылықтар маңызының арта түскені, оны дәріптемей жаңғыруды толыққанды іске асыру мүмкін емес екені жайлы сөз сабақтады. Жаңғырудың ең негізгі мақсатының бірі жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтап, жан-жақты даму екені белгілі. Бұл тұрғыда білім беру бағдарламасын түсіндірумен шектелмей, оның тәрбиемен қатар жүруі маңызды. Соған орай Әшімбаев оқу бағдарламасына ұлттық құндылықты



дәріптеу сабағын қосып, оны жаңаша жасақтау туралы ұсынысын білдірді.

Тақырыптың өзектілігін сенатор Бақытжан Жұмағұлов та атап өтті. Халық қалаулысы бұл істі жүзеге асырудағы білікті, кәсіби мамандардың рөліне тоқталды. Өйткені, ұлттық құндылықты қалыптастыратын да, дамытатын да осындай кадрлар. 2024 жылдан бастап он екі жылдық жаңа білім беру жүйесіне көшетінімізді еске салған Жұмағұлов қалған аз уақытты тиімді пайдаланып, қоғамдық-педагогикалық талқылаудан өткен ұлттық оқу бағдарламалары мен оқулықтарына ұлттық құндылықтарды енгізу қажет деген ойын ортаға салды. Келешекте осының бәрін ескере отырып, «Білім және ғылым кодексін» қабылдау керек деген тұжырымын жеткізді.

«Тұран» университетінің ректоры, Қазақстан жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті Рахман Алшанұлы шетелдік озық университеттерде білім алу, солардың арқасында қажетті маман дайындау бағытынан таймау қажеттігін алға тартты. Соңғы жылдары Білім және ғылым министрлігі бакалавриат сатысын Болашақ бағдарламасынан алып тастап, магистратура мен докторантурада оқитындар санын ұлғайтуға, тағылымдамаға мұғалімдер мен ғылыми қызметкерлерді жіберуге

бет бұрды. Саланың осал тұсы көп. Елімізде мысалы сертификациядан өткізетін зертхана тапшы. Соған орай Рахман Алшанұлы осы мәселені шешу үшін неге Болашақ бағдарламасын пайдаланбаймыз деген сауалын тастады.

Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулетов қоғамды аландатып тұрған жер мен тіл мәселесі жөнінде елдің жанайқайын ортаға салды. Сөзін «Жеріміздің тұтастығы, тіліміздің мәртебесі, еліміздің бірлігі – біздің еліміздің бүгіні мен болашағы. Біздің үкілі үмітіміз де, салмақты сеніміміз де, барлық арман, мақсат, тілеуіміз де осы үшеуінің үстінде» деп бастаған ол Парламент мүшелерінен Мемлекет басшысының «жер ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды» деген мәлімдемесінің заң жүзінде тиянақталуын өтініп сұрады. Осыған дейін латифундистердің шенгеліне түсіп кеткен жерлердің мемлекет пен халық игілігіне қайтарылуын, заң жүзінде ауылшаруашылық жерлерімен қатар өндірістік маңызы, пайдалы қазбалары бар және табиғаты әсем, туристік маңызды жерлер де шетелдіктерге сатылмайтын, жалға берілмейтін категорияға енгізілуі қажеттігін шегелей айтты. Ал руханият, тіл тағдырына қатысты «Біздің қоғамда көп жағдайда мемлекетшілдік деген

түсінік өте кемшін. Мәселен, Қаржы министрлігі ұлттық дүниеге қатысты іс-шараларға, ауқымды жобаларға қаржы бөлу мәселесіне келгенде салғырттық танытады немесе үрке қарайды. Көптеген жобалар әлеуметтік эффектісі жоқ деген желеумен кесіліп отыратынына да өзіміз куәміз. Руханиятқа, әдебиет пен мәдениетке, ұлттық құндылықтарды сақтауға бөлінген қаржы бірден нәтиже бермейтіні белгілі. Ол уақыттың еншісінде жылдар бойы айналымға түсетін, уақыт өте келе жемісін беретін дүние. Осы тұста Парламент тарапынан әдебиет пен мәдениетке, рухани салаларға бөлінетін қаржыға бақылау жасалса деген ниетімізді баса айтқым келеді» деді.

Тіл тағдырын шешетін заңнамалардың ең негізгілері – дубара күйінде, тілге қатысты комитеттер мен орталықтар дайындап ұсынған әжептәуір қаулы-қарарлар жобасы жиі күзеп-түзеуге ұшырайтынын да ашына айтты. Бұған бағдарламалар мен қаулылар жобасын мамандардың әрекеті сараптан өткізетін министрліктер мен Үкіметтің, қала берді, Президент Әкімшілігі заңгерлерінің қатарындағы қазақ тілін білмейтін мамандардың әрекеті түрткі болуда. «Тілдің заңын ойдағыдай түзмей жатып, тілдің қамын жеу – бос әурешілік» дей келіп, бүгінде тілге бөлініп жатқан қыруар қаржының орасан бөлігі Қазақстанда тұратын өз отаны бар, мемлекет қамқорлығына дәл қазақ тіліндей зәру емес, көптеген этникалық топтар мен ұлыстардың тілін дамытуға, олардың жексенбілік мектептерінің мүддесін көздеуге жұмсалып жатқанына қынжылыс білдірді. Келешектегі ішкі тұрақтылығымызға сенімді болу үшін Тіл заңын қайта қолға ала отырып, ерте-кеш деместен туған республикамызды таяу жылдарда тұтастай мемлекеттік тілге көшіру қажеттігін мәлімдеді.

Бүгінде тілімізге төнген қауіптің бірқатары жайлы А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжанова айтып, олардың алдын алу мүмкіндіктерін ортаға салды. Фазылжанова ханымның айтуынша, тілімізге калькалану, яғни орыс, ағылшын тілдерінің әсерімен тоқыраудан,

постиндустриалдық қоғам талаптарына сәйкес жаңғырудан зиян көп. Бұған жол бермес үшін алдымен қоғамның мемлекеттік тіл туралы түсінігін кеңейту керек. Федеративті елдерде, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, екі және одан да көп мемлекеттік тілдің болуы орынды. Ал құрамында саяси мәртебесі, дербес әкімшілік-аумақтық құрылымы жоқ, Қазақстан сияқты біртұтас елде билік органы бір, азаматтық біреу, армия біреу, мемлекеттік тіл де біреу болады. Сол себепті жиі көтеріліп жүрген «Мемлекеттік тіл туралы» заңды қабылдайтын уақыт жетті.

Жалпы, ұлттық құндылықтардың негізі отбасында қаланатыны белгілі. Бүгінде жастарға дұрыс бағыт-бағдар беріп, олардың шынайы бағбаны болуда әке, ақсақалдар тәрбиесі жетіспей тұр. Кенес одағы тұсында еркек пен әйел тең құқылы деген ұран, егемен ел атанғанда енген гендерлік саясат екенің абырой-беделін құлдылатып жіберді. Жиында бұл тақырып та әңгіме өзегіне айналды. Мемлекет және қоғам қайраткері Өмірзақ Озғанбаев осы ретте әкелер институтын дамытудың маңыздылығына назар аудартты. Қазақ қоғамында бұрын еженің беделіне ешқашан сызат түспегенін, қай кезде де еженің айтқаны, үкімі, тапсырмасы бір демде орындалып отырғанын айтқан профессор:

– «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп айтылған тәмсіл әр ата-ананың өзіндік орнын айшықтап тұрғанын көреміз. Кешегі қызыл империяның отаршылдық жүйесі қазақтың осы тамаша мектебін тас-талқан етті. Қазақ әйелінің ерін сыйламай тайрандауы кең етек алды. Нәтижесінде қызтеке, ынжық ұл, аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен бозөкпе балалар пайда болды. Ендігі мақсат – әкелер статусын қазақ шаңырағына қайтару керек, – деп сөзін қорытты.

Токетерін айтқанда, бұл басқосу құндылықтарды құнды істерге айналдыруға ой салған келелі отырыс болды. Енді айтылған сөз нақты іске айналса құба-құп.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

Алаяқ қылмысты басқа адамның сенімін теріс пайдаланып, алдау арқылы оның мүлкін, ақшасын жымқыру немесе бөтен мүлікті құқықты иемдену арқылы жасайды. Алаяқтар көбінесе шешендік дарыны бар, өтірікті шындай етіп жеткізетін айласы басым адамдар. Олар тез әрекет етіп, құрбанының ойлануына, басқадай ақпарат алуына мүмкіндік бермейді. Жылдам шешім қабылдау қажет болғандықтан, зардап шегуші оның ұсынысын қабылдауға мәжбүр болады. Көбінесе жапа шеккен адамдар өздерінің не істеп жүргенін түсінбей қалады. Алайда, алданбаймын деп тұрған адамдар алаяқтың айтқанын қалай істеп, оның жетегінде кеткенін білмей де, сезбей де қалады. Сонымен қатар, алаяқтар уәдесін орындамай жатып, құрбанына жермет мүмкіндігі бар екенін айтып, тағы да құрбандар санын көбейтіп, табысын ұлғайтады. Алаяқтар көбінесе мемлекеттік бағдарлама бойынша тұрғын үй, жер учаскесін алуға көмектесу, жалақысы жоғары жұмысқа орналастыру, банктен несие алуға ықпал ету сияқты қызмет ұсынады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, алаяқтық қылмысын жасайтындардың басым көпшілігі нәзік жандылар. Аты-

рауда орналасқан УГ-157/11 мекемесінде бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан 160 әйелдің 74-і алаяқтық қылмыс жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған. Бұл жалпы, сотталғандардың 46,3 пайызын, яғни жартысын құрайды.

Өкінішке орай, азаматтар көбінесе олардың айтқанына сеніп, бір нәрсеге оңай әрі тез қол жеткізу үшін заңға қайшы әрекет жасап, алаяқтар арбауына түседі. Жиған-тергенін ғана емес, тіпті басқалардан қарызға ақша алып, оңай олжаға кенелгісі келеді. Мысалы, Атырау қалалық №2 сотының 2017 жылғы 28 шілдедегі үкімімен Н. деген азаматша Қылмыстық кодекстің 190-бабының 3-бөлігі 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айырылған. Сотталған әйелден 14 жәбірленушінің пайдасына 11 535 000 теңге өндіріліп, 1 жәбірленушінің талап арызы қанағаттандырусыз қалдырылған.

Қылмыскердің жасы 30-да, жоғары білімді, ажырасқан, тәрбиесінде екі жас баласы бар, бұрын алаяқтығы үшін бірнеше рет сотты болған, жұмысы жоқ.

Қылмыстық іс материалдарынан Н.

АЛАЯҚТАР АЯМАЙДЫ



өзінің сыныптасы А.-мен бірге ауруханада жатқан кезде облыстық әкімшілікте жұмыс жасайтынын, Нұрсая мөлтек ауданынан мемлекеттік бағдарлама бойынша пәтер алып беріп жүргенін, А.-ның да кезегін ілгерілетіп, пәтер алып бере алатын мүмкіндігі бар екенін айтқан. Көп жылдан бері жас отбасы ретінде мемлекеттік бағдарлама бойынша пәтер кезегінде тұрған А. сыныптасының

сөзіне сеніп, бір бөлмелі пәтер алу үшін бастапқыда 300 000 теңгесін берген. Бұдан соң қызығушылығы артып, 2-бөлмелі пәтер алу үшін тағы 250 000 теңге қосып берген. Алаяқ Н. өзінің сыныптасын сендіру үшін базардан құлыптың кілтін сатып алып, оны Атырау қаласының Нұрсая мөлтек ауданында салынып тұрған тұрғын үй құрылысына апарып, «осы үйдің 2-подъезі, бірақ пәтердің

номері есіне түспей тұрғанын» айтып, кілтті қолына ұстатқан. Қуанған А. пәтер алғаны туралы өзінің туған-туысқандарына айтып, олар да оңай жолмен пәтер алуға қызығушылық танытқан. Осыдан соң, А. оларды Н.-мен таныстырып, ал ол өз кезегінде оларды сендіру үшін кейбіреуін облыстық әкімшілік алдына шақырып, кейбіреуімен қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы ғимаратының қасында кездескен. Алаяқ Н. тіпті мемлекеттік бағдарлама бойынша пәтер алатын адамдар тізімінде жоқ адамдарға да оларды тездетіп тіркеп, 1 500 000 теңгеге 3-бөлмелі пәтер алып беремін деп сендірген. Өкініштісі, осының барлығына адамдар бас-көзсіз сенген, тіпті олардың ішінде құдық қорғау органында көп жыл еңбек еткен зейнеткер де бар. Нәтижесінде, алаяқ Н. 15 жәбірленушінің қаражатын қолды қылған. Өкініштісі, азаматтар оңай олжа опық жегізетінін түсінбей келеді.

Жұмағали ТАШИМОВ,
Атырау қаласы №2 сотының судьясы

ЖАС МАМАНДАР ҚАЛАУЫ ЕСКЕРІЛГЕНІ ЖӨН

Жетістікке қол жеткізу үшін күш-жігерді сарп ете отырып еңбектену қажет. Жақсы жалақы төлететін жұмысқа тұру білімге байланысты. Өкінішке орай, мемлекеттік тапсырыспен білім алып, дипломға ие болған жас мамандардың өмірден өз орнын табуы қиын.

Мәселен, Қостанай облыстық сотына «Қаржы орталығы» АҚ-дан жас мамандардан оқу ақысын және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арыз жсі түсуде. Алайда олардың шарт талабын өз еркімен орындай алмай жатқаны ескерілмейді, себебі жұмыс істеу үшін бос орын бола бермейді. Жас мамандар оқуға түсер кезде ЖОО-мен білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасайды. Оқуды аяқтағаннан кейін мемлекеттік білім беру ұйымдарында мамандық бойынша жұмысқа тұрып, үш жылдық пысықтау міндеттемесін орындау керек. Олай болмаған жағдайда түлектердің «Қаржы

орталығы» АҚ-ға оқуға жұмсалған 1 млн теңгеден астам шығынды өтеуі қажет.

Әрине, мойынға алған міндеттемені орындау керек, алайда адамгершілік қайда қалады?! Мысалы, «Қаржы орталығы» АҚ Рудный қаласының тұрғынына 1 773 200 теңге өндіріп алу туралы талап арыз берді. Алайда жауапкердің ата-ана қамқорлығынсыз қалап жетім бала екені, соған орай квота бойынша білім грантын иеленгені назарға алынбаған. Иә, ол шартты бұзды, шартта көрсетілгендей мемлекеттік мекемеге емес, жекеменшік мекемеге жұмысқа орналасты. Ал, жұмыссыз ретінде есепте тұрған жағдайда ай сайын алатын 3000 теңгеге өмір сүру мүмкін бе? Өзіңді асырау, жалдамалы баспана төлемі және басқа да шығын үшін ол жұмыссыз ретінде есепте тұру туралы шарт талабын бұзуға мәжбүр болды. Тұрмыстық қажеттілік оны өз бетінше педагогикалық қызметтен басқа жұмыс іздеуге итермелеген.

«Қаржы орталығы» АҚ талап арызы бойынша істерді қарау кезінде Қостанай облысының соттары мемлекеттік білім беру ұйымдарында бос орындар болмаған жағдайда жоғары білім

алған жас маманнан қоғамдық жұмыстарды орындай отырып, жұмыссыздар есебінде тұруды талап ету – кадр ресурсын ұтымсыз пайдалану болып табылатынын және бұл мемлекет мүддесіне қайшы келетінін ескереді.

2021 жылы 10 наурызда ҚР Парламенті Мәжілісінің пленарлық отырысында депутат Екатерина Смышляева «Nur Otan» партиясы фракциясының Білім және ғылым министріне жолдаған сұрағын айтып, соңғы 2 жылда «Қаржы орталығы» АҚ-ның жас мамандарға қатысты сотқа жолдаған талап арыз 3000-нан асқанын атап өтті. Ауылдық жерлердегі түлектерден білім беру тапсырысы бойынша оқытуға жұмсалған шығынды өндіріп алуды талап ету қисынсыз деген спикер сот жүйесінің кейбір өкілдері жас мамандардың құқығын қорғағанын, бірақ бұл бірен-саран жағдай екенін атап өтті. Оның айтуынша, осы саладағы қолданыстағы заңнама нормаларын қайта қарау қажет.

З.ЕДИКОВА,
Қостанай облыстық соты баспасөз қызметінің басшысы

КӨКЕЙКЕСТІ

ЖҮЙКЕНІ ЖҰҚАРТҚАН ЖОЛАҚТАР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қаладағы көлік иелерінің 90 пайызы таксистер. Оның ішінде индрайвер мен яндекс қосымшасы арқылы отбасын асырап жүргендер қаншама!? Күні бойы тапқан тиын-тебенінің 9 пайызын индрайвермен, 20 пайыздан астамын яндекспен бөлісетін таксистердің азын-аулақ ақшасы айыппұлпен қағылса қайтпек керек? Қазір кез келгеніміздің аразамызда таксилетіп күн көріп жүрген жақындарымыз жетерлік. «Алатыным елу мың. Жетіскеннен емес, жетпегеннен кейде такси тоқтатып тұрғандарды қажетті жеріне жеткізіп, нан мен сүтке ақша жинайын дейсің ғой. Енді көлік тоқтатып тұрған адамға екінші жолақта тұрып есік ашпайсың. Сондай кездері 5 теңге артық табамын деп 5 мың теңге айыппұл төлеген кезім көп. Автобус жолағын салған екен, жолаушылар мен таксистердің де жағдайын қарастыру керек еді. Өйткені, жолаушылар көрінген жерден қол соза береді. Амалсыз олар тұрған жерге біз де тоқтаймыз. Сол үшін автобус жолағында такси жолаушыны ереже бұзбай алып кететін арнайы орындарды дайындау қажет», – деп ашынады Ринат есімді таксист жігіт.

Тамақтың тоқтығынан емес, жұмыстың жоқтығынан жолаушы тасып жүрген таксистердің уәжі әбден орынды. Өйткені, таксопарк көліктерінен өзге жеке такси жүргізушілерінің көбі «ай сайын айыппұл төлеуден көз ашпайтын болдық» деп ашынады. Бір айдың өзінде ғана жұмысынан беретін айлықтан екі есе көп айыппұл арқалаған Жандос автобус жолағына тоқтауға жүрексінетін жағдайға жетіпті. «Өткен айда ғана 100 мың айыппұл төледім. Соның тең жартысынан көбі автобус жолына түсіп клиент алғаным үшін тағылды. Айыппұл салуды қатыратындар жолаушыны автобустың жолағына шықпай, қалай алып кетудің жолын да үйретсе болар еді», – дейді Жандос.

Биыл Алматы қаласы ПД-нің бастығы Қанат Таймерденов «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешенінің тағы 362 камерасы орнатылатынын айтты. Айтуынша, жолкөлік оқиғасының азаюына септігін тигізген «Сергек» камералары ең алдымен автобус жолақтары бар көшелерде пайда болмақ.

Бұл деген таяу күндері таксистердің қалтасы жұқарғанымен, үкіметтің қаржысы көбейе түсетінін көрсетеді. Өйткені, автобус жолағына шыққандарға тағайындалған айыппұлдардың өзі бюджетке жыл сайын миллиондап емес, миллиардтап пайда әкеледі. Мәселен, Елорданың өзінде бір жылда салынған айыппұл көлемі – 1667477544 теңге.

«5.9, 5.10.1 – 5.10.3 белгілерімен белгіленген маршрутты көлік құралдарына арналған жолағы бар жолдарда басқа көлік құралдарының жүруіне және тоқтауына тыйым салынған. Егер 5.9 белгісімен белгіленген жолақ қалған жүріс бөлігінен үзік-үзік танбалау сызығымен бөлінген болса, онда бұрылыстар кезінде көлік құралдары оған қайта кіруі тиіс. Сондай-ақ, мұндай жерлерде бұл жолаққа салғға кірген кезде және көлік жүретін бөліктің оң жақ шетінде жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін, егер бұл маршрутты көлік құралдарына кедергі келтірмейтін болса, кіруге рұқсат етіледі. Осы талаптарды бұзу ӘҚБтК-нің 601-бабының 1-бөлігінде көзделген. Оған 4585 теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынады. Егер дәл сол жағдай қайталанса, сол баптың 2-бөлігі бойынша 29170 теңге айыппұл қарасты-



Сіз не дейсіз?

Бауыржан ТОҚЖҰМАНОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаментті Әкімшілік полиция басқармасының бөлім бастығы

– Бағдаршамның тыйым салынған белгісін ескермеген, жылдамдықты асыра пайдаланып, рұқсат етпейтін жолаққа шыққандар «Сергектің» қырағы көзінен тыс қалмайтынын айтады. «Былтыр қоғамдық көлік жолағымен жүрген автокөлік жүргізушілеріне 317 211 айыппұл салынды. Ал биыл екі айдың ішінде 21245 жүргізушіге айыппұл тағайындалып, 106235663 теңге төленді. Автокөлік жүргізушісінің көлігі автобус жолағында келе жатып бұзылып қалған жағдайда бұл жолаққа кіруге тыйым салынады. Егер көлік жүргізушісі екінші қатарда келе жатса, үшінші қатарға өтпей өз жолында тоқтауы тиіс. Бұзылып қалғанын көрсететін белгілерді қойып іс-әрекетке көшуі керек. Ал автобус жолағында орын алған жол-көлік оқиғасы кезінде арттағы көлік жүргізушісі жол ережесіне сәйкес, сол жақпен өтуі қажет. Екінші жолақта жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда, бірақ 3-ші жолақ бос болмаса автобус жолымен жүруге болады. Бейнежазбада нақты сол дерек анық дәлелденсе, айыппұл алынып тасталады. Екінші мәселе, егер қар жауып, жолақ көрінбей, бояуы кетіп қалса айыппұл салынбайды, салынған жағдайдың өзінде айыппұл қысқартылады.



рылған. Мәселен, биыл екі айда көлік құралдарының жүргізушілері тарапынан маршрутты көлік құралдарының басымдығы талабын бұзғаны үшін 73 жүргізуші әкімшілік жауапкершілікке тартылды», – дейді Шымкент қаласы ПД баспасөз қызметкері Меруерт Молдалы.

Алматы қаласында да жолаушы жеткіземін деп жүріп қалтасы қағылғандар көп. Айталық, өткен жылы автобус жолағы бойынша 392 717 құқық бұзушылық тіркелген. Ал биыл екі айдың өзінде ғана 52 048 айыппұл салынған.

«Сергек» компаниясында істеген әріптесіміз Жадыра Мырзахмет те айыппұлдан көз ашпағандардың бірі. «Биылдың өзінде біраз айыппұл төледім. Былтыр осы компанияда істеп жүргенде өзіміз қыс кезінде стоп-жолақтар, BUS LINE-лар қардың астында көрінбейтін болғандықтан, айыппұл алынып тасталады деген едік. Өйткені, шынында да бір жолақтан екінші жолаққа ауысқан кезде тұтас сызықтар қардың астында көрінбейді. Бір жағынан, қыста жол тарылады, жолдың екі жиегінде қар жиналады. Табиғаттың қолайсыздығына қарамастан камераның артында отырған

полицейлер айыппұлдарды аямай салып жатыр. Күзден бері 80 рет айыппұл төледім, соның барлығы стоп-жолақ пен автобус жолағының сызығын басқаным үшін ғана. Болмаған соң бұрын істеген «Сергектің» қызметкерлеріне хабарласып, ақ-қарасын сұрасам, олар камераның артында отырған полиция қызметкерлеріне құқығымыз дәлелдеуге болады дейді. Ішкі істер министрлігіне сұрау салдым, олар 30 күннен кейін жауап берді. Оның өзінде жауаптары сұйық. Тағы да сауал жіберсем, бір ай созытынын сездім. Ол аралықта менің қартамды сот орындаушылары бұғаттап тастайды. Амалсыздан барып айыппұлды төлеуге тура келді. Өзім сол компанияда істеп жүріп айыппұл арқалап жүрдім. Сол кезде бастығым «Жұмысқа автобуспен кел» дейтін. «Сергектің» көздеген мақсаты да сол, халықты автобуска отырғызу екен, ендеше басқа елдердегідей халыққа қолайлы жағдай жасауы тиіс қой. Ал бізде автобустарды сағаттап күтесін, жолағына шықсаң айыппұл төлейсің», – деп ашынады Жадыра Мырзахмет.

Жадыра МҮСІЛІМ.

ДЕПУТАТ БАҒАНЫ

Елиұр БЕЙСЕНБАЕВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

БАРЛЫҚ МӘСЕЛЕНІҢ БАСЫ – БАСПАНА

Қазақстанда қазіргі уақытта 14-35 жас аралығындағылар саны 5,9 миллионды құрайды, бұл ел халқының үштен бірі. Сондықтан жастарды мемлекеттік қолдау елеулі ресурстарды, ойластырылған жүйелі шараларды талап етеді. Әрине, жастарды қолдау жөніндегі бағдарламалар бар. Алайда, шешілмеген мәселе де жетерлік. Соның бірі – баспана.

Жас отбасылар табысы жеткіліксіз болғандықтан «7-20-25» бағдарламасына қатыса алмайды. Бұл бір. Жастар жылын қорытындылағанда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жұмысшы жастарды қолдау үшін еліміздің 3 мегаполисінде жыл сайын арнайы жалдамалы 3 мың пәтер беруді тапсырған болатын. Соған орай Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында жыл сайын 3 мың пәтер бөле отырып, жұмыс істейтін жастарға бес жыл жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды. Бірақ соған қарамастан 2020 жылы барлығы 1 мың пәтер ғана берілген. Бұл бұрнағы жылдан 2 мың пәтерге аз.

Алматыда 2017 жылы Жастар жылы аясында алғаш рет 35 жасқа дейінгі жас отбасыларға пәтер сатып алу үшін несие берілді. Ол «Алматы жастары» тұрғын үй бағдарламасы. Бағдарлама өзін жақсы жағынан көрсетті, алайда бұл тәжірибе белгісіз себептермен назардан тыс қалды. Тек осы жылы ғана астанада «Елорда жастары» бағдарламасын іске қосу жоспарлануда. Яғни, 17 өңірдің тек екеуінде ғана жас отбасыларды қолдау жобасы бар.

Студенттік жатақханалар бойынша да мәселе жеткілікті. Елімізде 80 мың студентке жатақханадан орын жетпейді. Елбасының 2022 жылға дейін студенттерді қосымша 75 мың жаңа орынды жатақханамен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасы да толық орындалмады. 3 жылдың қорытындысы бойынша жатақханадарда барлығы 12 мың жаңа орын қаралған. Қалған 10 айда 58 мың жаңа орын салу қажет. Алдыңғы тәжірибені ескерсек, бұл тапсырма да орындалады деп үміттену қиын.

Баспананың жоқтығынан жастар арасында дәстүрлі отбасылық құндылықтардың әлсіреуі байқалады. Мәселен, 2015–2019 жылдар аралығында ажырасу саны 8 пайызға өсті. 2019 жылдың қорытындысы бойынша 120 мыңға жуық адам некесін бұзды, олардың әрбір екіншісі, яғни 60 мыңнан астамы 18-35 жас аралығындағы жастар. Ажырасудың көп бөлігі 30-34 жас аралығындағы жас отбасыларға тиесілі. Бұған өз кезегінде Жастарды жұмыспен қамту және жұмысқа орналастырудағы қиындықтар да ықпал етуде. Бүгінгі күні жастар жұмыссыздығы 3,6 пайызға жетіп отыр. NEET жастарының үлесі (жұмыс істегісі, білім алғысы келмейтін жастар) 7 пайызға жуық, сондай-ақ, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық арасында жастар 25-тен астам баллды құрайды. Осы үш көрсеткіш жастар жұмыссыздығының нақты көрінісі мүлдем басқаша және пандемия кезінде ол өсе түсті деген тұжырымды дәлелдейді.

Бұл жерде Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі қандай жолмен есептелетініне назар аударған жөн. Жас қазақстандықтардың едәуір бөлігі өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға жатқызылған. Бір қызығы, азаматты Қазақстандағы жұмыссыздар қатарына жатқызу үшін ол тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту орталығына немесе «электрондық үкімет» порталы арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін жүгінуі тиіс. Сондай-ақ, негізгі мәселелердің бірі NEET жастарының үлесін анықтау болып табылады. Мәселен, «Жастар практикасы» жобасына 10 жыл ішінде 190 мыңға жуық жас қатысты. Осылайша, жыл сайын практикандар өткен қатысушылардың саны туралы ғана есеп бар. Бұл статистика жобаның тиімділігін толық көрсетпейді. Сондықтан жастар практикасынан өткеннен кейін жұмысқа орналасқандар бойынша қосымша статистика болуы тиіс. Мысалы, бір ұйым жыл сайын осы жоба бойынша практиканттарды қабылдауға өтінім береді, бірақ оларды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етпейді. Яғни, бұл ұйым жоба қатысушыларын тегін жұмыс күші ретінде пайдаланады. Сонымен қатар, «Атамекен» ҰКП зерттеулерінің қорытындысы бойынша жоғары оқу орындары түлектерінің 35 пайызы мамандығы бойынша жұмыс істемейді.

Көптеген әлеуметтік зерттеу нәтижелері көрсеткендей бұл проблема Қазақстанда өткір тұр. Осы ретте жұмысқа орналасуға бөлінетін ақшаны жас кәсіпкерлерді грант, субсидия түрінде қолдауға бағыттаған жөн секілді.

Дайындаған А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»



ОЙТАЛҚЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Нұрлан ДУЛАТБЕКОВ, заң ғылымының докторы, профессор:

– Шыны керек, бірнеше жыл бұрын студенттер арасында жатақхана мәселесі де күрделі болатын. Бірақ қазір ЖОО-ның өздері жатақханалар салып, студенттерді жатын орындарымен қамтуға барынша ұмтылуда. Бұл өте дұрыс қадам. Студенттер білім алуы, ізденуі, өсуі керек. Арзан, жылы пәтер іздеп табаны тозған студенттің білімін жетілдіруге мүмкіндігі болмайды. Сол себепті студенттердің жатын орындары оқу орындары толық шешуі тиіс.

Ал жас жұбайларға жеңілдетілген несие бере отырып, баспаналы етудің жолдарын қарастыру қажет. Ешқандай тегін дүние жоқ, нарықтық жүйе қағидасы сондай. Ертеңінен үмітті жастарға тұрғын үйді жеңілдетілген пайызбен беріп, тұрмыстық мәселесін шешуге тырысу қажет. Қазір банктердің несие беру талаптары өте қатаң. Оны жеңілдетпей, жастардың қолы баспанаға жетеді деу қиын. Өз бетіміше үй салып алғым келеді деген жастарға да тегін жер беріп, жеңілдетілген несие ұсынып, баспаналы қылуға тырыспасақ, отбасы құндылығын нығайтамыз деу бекер. Тұрмыс тауқыметін көрген адамның отбасында береке болмайды. Сондай-ақ, зейнетақы қорындағы қаржыны пайдалануға рұқсат беренімізбен, жастардың шектік мөлшерден асатын қаржысы жоқ. Мұның бәрін алдағы уақытта назарда ұстаған жөн. Өйткені, жастардың қолы жетпейтін, мүмкіндігі болмайтын бағдарламалардан пайда жоқ.

Жастардың көбісінің жалақысы мардымсыз екені ешкімге жасырын емес. Ал жылжымайтын мүлік берер кезде банк міндетті түрде төлем қабілетін тексереді. Сондықтан жалақы көбеймесе, сол төмен жалақыға ыңғайлап қолжетімді бағдарламалар жасалғаны дұрыс. Тегінің заманы өтіп кетті, мемлекет тегін үй бермесе де, бағдарламалар қолжетімді болса екен. Өйткені, аты бар, заты жоқ, сүйіншілетіп қабылданатын бағдарламалар баршылық, бірақ жеме-жемге келгенде, олардың барлығы жастар мәселесін шешіп жатыр деп айта алмаймыз. Жалпы, халықтың әлеуметтік жағдайын дұрыстаймыз десек, алдымен игілікті жастарға бағыттауымыз керек.

– Сондықтан тез арада мәселені шешу жолдарын қарастырып отырмыз. Шыны керек жастарды баспаналы қылу бағытында қабылданып жатқан бағдарламалар көп. Бірақ олардың барлығы қолжетімсіз. Мәселен, зейнетақы қорындағы шектік мөлшерден асқан қаржысын азаматтардың өзіне пайдалануға беру жақсы шешім болғанымен, көп жастардың жинағаны шекті мөлшердің ширегіне де жетпейді. Өйткені, жас кадрлар бірден жақсы айлық төленбейтіні белгілі. Осы жүйе іске қосылысымен нарықтағы үй бағасы шарықтап кетті. Банкке барса үй бағасының кем дегенде отыз пайызы, не елу пайызы қолда тұруы керек. Ондай ақша жастарда қайдан болсын. Демек, бағдарлама, жүйе көздеген мақсатына жетіп жатқан жоқ. Сондықтан осы бағыттағы бағдарламалардың барлығының механизмін қайта қарау керек. Ең болмаса «шектік мөлшерден асқан қаржыны депозитіне сал, сосын әрі қарай үстіне жина» десе, әлгі қаржы жастарға мотивация болар еді. Мұндай мәселелер жастардың жолын байлап тұр. Қазір «Дипломмен ауылға» бағдарламасы да жастарды ауылға тартуға мұрындық бола алмай отыр. Сосын қалаға келіп алып, жұмыссыз, үйсіз сенделген жастар қылмысқа ұрынып жатады. Сондықтан жастарды шын мәнінде қолдайтын, мәселесін нақты шешуге арналған бағдарламаларды қайта қарап, қолжетімді дүниесіне айналдыру керек деп ойлаймын.

Сауланманы дайындаған Қуаныш ӘБІЛДӨҚЫЗЫ



МЕДИАТОР БЕКІТКЕН КЕЛІСІМНІҢ ЗАҢДЫҚ КҮШІ БАР

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша медиаторлардың жәрдемдесуімен жүзеге асырылатын рәсім. Негізгі мақсаты қос тарапты бірдей қанағаттандыратын әрі қоғамның дауласу деңгейін төмендететін өзара тиімді, бейбіт келісімге келу.



Медиацияға кететін қаржы шығыны сот шығынына қарағанда төмен және уақытты үнемдеу жағынан да ұтымды. Сотта істі қарау айларға созылуы мүмкін. Бірнеше мәрте сот отырысы белгіленгенімен, оған тараптардың бірі келмей қалса, жайсыз жағдай тіптен ушыға түседі. Ал медиацииялық рәсімде, дауды шешу үшін медиаторға небәрі 30 күн уақыт беріледі. Белгілі бір себептермен бұл мерзім ұзартылғанның өзінде екі айдан аспауы тиіс. Сотта тараптар бір-біріне қарсы әрекет етеді, өз позициясын, мейлі ол дұрыс немесе бұрыс болсын, табандылықпен қорғайды, ал медиациия барысында, тараптар өзара ынтымақтасып, ортақ мәмілеге келуге тырысады. Істі қарайтын судья бағдарлама арқылы автоматты түрде тағайындалады, ал медиатор тараптармен тандалады. Сот шешімді заңға сәйкес қабылдайды, ал медиатор тараптардың жеке мүддесін, заң шеңберінде тараптар қабылдаған шешімді ескере отырып келісім жасайды. Сот – жария үдеріс, ал медиациия құпиялылықты қамтамасыз етеді. Медиатор рәсім барысында мәлім болған ақпаратты оны ұсынған тараптың келісімінсіз жарияламайды. Медиациия кезінде тараптар талап арыз шеңберінен шығып дауды реттеудің түрлі жолдарын қарастыра алады.

Дауды реттеу туралы медиацииялық келісім сот процесі барысында да, соттан тыс тәртіпте де жүзеге асырылады. Тараптардың соттан тыс тәртіпте жасаған медиацииялық келісімінің азаматтық-құқықтық келісім-

шартпен тең күші бар, сол себепті тараптардың бірі келісімді орындаудан бас тартқан жағдайда, мүдделі тарап жеңілдетілген (жазбаша) іс жүргізу тәртібіне сәйкес, келісім бойынша міндетті орындау туралы арызымен сотқа жүгінуге құқылы.

Қазіргі уақытта, тәжірибелі медиаторлар бірігіп, арнайы ұйымдар құрғаны белгілі. Бұл ақылы курстар ұйымдастырып, медиаторлар дайындауда. Ешқандай курстың өз бетімен білімін жетілдіріп немесе арнайы құқықтық білімі болғандықтан медиациияны кәсіп еткендер де бар. Арнайы құқықтық біліктілікті қажет етпейтін жанжалдарды шешуге дағдыланған әуесқой медиаторлар да кездеседі. Сондықтан, екі жақты бітімге келтіре алатын қабілеті бар кез келген адам медиатор бола алады.

Аудандарда медиатор қызметі кәсібі емес негізде жүргізіледі. Медиациияны кәсібі емес негізде жүргізіп келе жатырған білікті медиаторлар жоқ емес. Дегенмен, «кәсіпқой» және «кәсіпқой емес» деген терминдер медиаторларды таңдау барысында өте маңызды рөл атқаруы мүмкін. Себебі, егер дауды кәсіпқой медиатор қарайтын болса, тараптарға осы медиатордың бекіткен келісімінің күші, кәсіпқой емес медиатордың бекіткен келісіміне қарағанда заңды болып көрінеді. Алайда, кәсіпқой медиатор немесе кәсіпқой емес медиатормен бекітілген келісімнің заңды күші бірдей.

Медиациияның баяу дамуының салдарын бір сөзбен жеткізу мүмкін емес. Президентіміз Қ.Тоқаев өз Жолдауында айтып өткендей «Медиациия туралы» заң қабылданғаннан бері он жылдай уақыт өтсе де бір-де-бір мемлекеттік орган оның даму мәселелесімен айналыспай келеді. Расында, сот жүйесі медиациияны дамытуға қанша тырысқанымен, бір құрылымның күшімен үлкен нәтижеге жету қиын. Себебі, медиациия көп бағытты іс-шараға мұқтаж. Соған орай барлық құзыретті органдар медиациияның дамуына өз үлесін қосуы қажет.

Медиациияны дамыту тараптардың адами қарым-қатынастарын сақтап қалуға мүмкіндік береді, олар өзара дос болып кетпесе де, бір-біріне жау болмай тарайтыны анық. Егер, дауласушы тараптар бітімге келу, яғни медиациия жолын таңдап, сотқа келмей-ақ, бір-бірімен татуласып, дауы онынан шешіліп, туыстық, отбасылық қарым-қатынастары сақталып жатса, қоғамда дауласу, жанжалдасу қарқыны төмендесе, бізге одан асқан жетістік жоқ деп санауға болады.

С.ЕСЖАНОВ,
Жаңақала аудандық сотының төрағасы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ШЕШІМНІҢ ОРЫНДАЛУЫ БАҚЫЛАУДА

Бүгінде Жоғарғы Сот та, Бреспубликадағы соттар да әкімшілік әділет жүйесіндегі ауқымды өзгерістер бойынша қауырт жұмыс жүргізуде. Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов биылғы жылды соттар үшін «Болжалды сот төрелігі және әкімшілік әділет жүйесін құру жылы» деп жариялады.

Соттар Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің негізгі жаңашылдығын, 1 шілдеден бастап ашылатын соттар туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Осы орайда, Мұнайлы аудандық сотында да түрлі іс-шаралар өткізіліп, судьялар мен сот қызметкерлері арасында өзгерістер кеңінен талқыланды. Судьялар сот-құқық қорғау органдарының өткізетін жиындарында баяндамалар жасап, түсіндіру жұмыстарына барынша үлес қосуда.

Жалпы, әкімшілік әділет жүйесіндегі өзгерістердің бастауы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың азаматтар мен билік органдарының арасындағы дауларды шешудегі теңсіздік ахуалын онтайландыру туралы тапсырмасынан соң бастау алған болатын. Сөйтіп, былтыр Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қабылданды. Енді 1 шілдеден бастап заң күшіне енеді. Әкімшілік рәсімдік соттар мен облыстық сот пен Жоғарғы Сотта мамандандырылған тағы бір алқа құрылады.

Бұл соттарда мемлекеттік органның шешіміне қатысты азаматтардың шағымдары қаралады. Мемлекеттік орган сотта өз шешімінің, әрекетінің немесе әрекетсіздігінің заңдылығы мен негізділігі туралы дәлелдер келтіреді. Сот қажет болған жағдайда қосымша мәліметтер мен дәлелдемелер жинайды. Сондай-ақ, сот өз шешімінің орындалуына қа-

таң бақылауды қамтамасыз етеді. Мұнда жауапкерден сот шешімін орындауға процестік мәжбүрлеу шарасы ретінде ақша өндіріп алу да көзделген, ол сот шешімі орындалғанға дейін бірнеше рет қолданылуы мүмкін. Бүгінге дейін мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы дауларды қарайтын жалпы юрисдикциялық, сондай-ақ экономикалық және азаматтық соттардағы бірқатар санаттар енді осы жаңадан ашылатын сот қарауына өтеді.

Жаңа соттар уақыт талабына сай, қашықтан байланысқа қосылу, онлайн сот отырысын өткізу, ғимарттардың ішкі-сыртқы қауіпсіздігі сияқты ақпараттық технологиямен толық қамтамасыз етіледі.

Лариса КЕНЖЕЕВА,
Мұнайлы аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

қатысуға шақырады. Татуласу рәсіміне қатысуға келіскен және шақырту бойынша келген тараптар өз еркімен татуласу рәсімінің түрін таңдайды және бұл жөнінде өтінішхатта көрсетеді. Өтінішхат түскеннен кейін азаматтық істі қозғау, істі сот талқылауына дайындау, тараптардың өтінішхаты болған жағдайда қамтамасыз ету шараларын қабылдау туралы ұйғарым шығарылады және татуластыру рәсімі өткізіледі.

Биылғы жылдың қаңтарынан сәуір айына дейінгі аралықта 10 азаматтық және 2 әкімшілік құқық-бұзушылық туралы іс бойынша тараптар медиациия тәртібімен татуласып, іс жүргізу тоқтатылды. Медиациияның көмегімен шарттық міндеттемелерді орындаумен, материалдық залалды, шығынды өндірумен және отбасы-қатынастар аясындағы мәселелермен байланысты даулар реттелді.

ТАРАЗЫ

Сот шешімінің сапасын көтеру арқылы ел азаматтарының құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету сот жүйесінің басты міндеті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Қоғамның соттарға деген сенімін орнықтыру басты мақсатқа айналуы керек. Бұған мемлекет пен судьялар корпусының өз күшін жұмылдыруы арқасында ғана қол жеткізуге болады», – деп атап көрсетті. Президент тапсырмасын іскерлікпен жүзеге асыру бағытында Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановтың бастамасымен «Сот жүйесінің жеті түйіні» бағдарламасы қолға алынды. Оның аясында енгізілген пилоттық жобалардың дер кезінде қолға алынғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

ТАРАПТАР АРАСЫНДАҒЫ ТЕҢСІЗДІК ЖОЙЫЛАДЫ



Айдын БАЙНАЗАРОВ,
Қызылқоға аудандық сотының судьясы

Күн тәртібіне өткір қойылып отырған осы мәселеге орай Жоғарғы Сот төрағасы: «Басты мақсат – сот жүйесіне деген сенімді арттыру» атты мақаласында «Дегенмен, қарапайым азаматқа заң қызметі бар мемлекеттік аппаратқа қарсы тұру оңай емес. Мұны біз жақсы түсінеміз. Бұл жерде сот процесі барысында тараптардың белгілі бір деңгейдегі теңсіздігі айқын аңғарылып тұрады. Бұл мәселе алдағы жылдың екінші жартысында күшіне енетін Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі арқылы шешілімек», – деген болатын. Көп кешікпей Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс (ӘРПК) қабылданды. Атап айту керек, бұл құжат еліміздің құқықтық жүйесіндегі маңызды реформаның бірі болды.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқығы мен бостандығын әкімшілік талап арыз беру және кейіннен соттың әкімшілік істі қарауы және шешуі арқылы қалпына келтірудің құқықтық режимін қалыптастыруда Әкімшілік іс жүргізу заңнамасының рөлі өте жоғары. Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік билік функциялары берілген ұйымдар арасында туындайтын түрлі келіспеушіліктер мен даулар қолданыстағы азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес шешіледі. Талап қоюшы тарап азаматтық процесс барысында өзінің жауапкерге қоятын талабын дәлелді тұжырымдап, іске қатысты барлық мән-жайларды фактілермен нақтылауға, жауапкер өз тарапынан қарсы талап қою арқылы келіспеушілігін білдіруге құқылы. Күнделікті тәжірибе көрсетіп отырғандай, мемлекеттік аппарат мемлекеттік басқару жүйесінің жетекші органы болып табылатындықтан, өз мүддесін сотта қорғауда оның ішкі мүмкіндігі мен резерві жоғары, екінші жақтың мүмкіндігі төмендеу болып келетінін жасыруға болмайды. Жаңа кодекстің мақсаты – осы теңсіздікті жою.

Кодекс соттың тараптар ұсынған дәлелдемелерімен шектелмей, істің барлық мән-жайын тыңғылықты зерттеуіне, өз бастамасымен дәлелдемелер жинақтауына мүмкіндік береді. Әкімшілік орган өзінің

дұрыстығын дәлелдеп, сот сұратқан құжат, мәліметтерді беруге тиіс. Сот процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып, дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, әрбір әрекет (әрекетсіздік) үшін 10 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы. Соттың талабын орындамағаны, іске қатысушы тараптың сотқа келмегені, ол туралы сотқа уақытылы хабарламағаны, сот отырысында төрағалық етушінің өкіміне бағынбағаны, сотты және судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) үшін сот 20 АЕК-ке дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы. Бұның барлығы әкімшілік айыппұл түріндегі әкімшілік жаза, әкімшілік жауаптылыққа тарту болып саналмайды.

Мемлекет басшысы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында жыныстық зорлық-зомбылық, есірткі тарату, адам саудасы, педофилия, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға, әсіресе, балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны қатайту қажеттігін ерекше атап көрсетіп, оның орындалуын қатаң бақылауда ұстауды тапсырды. Соған сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қолданысқа енді. Жаза қатайып, ауыр қылмыс санатына жатқызылған қылмыстың қатарында мал ұрлығы да бар. Енді бөтеннің малын жасырын жымқырғандардың алдымен дүние-мүлкі тәркіленіп, 3 мың АЕК көлемінде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ал, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобының ірі мөлшерде жасаған мал ұрлығы үшін мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалау көзделген. Сондай-ақ, аталған қылмыс бірнеше рет қайталанса, тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кіру жолымен жасалған болса – мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза белгіленеді. Мал ұрлығы ұйымдасқан қылмыстық топ тарапынан аса ірі мөлшерде жасалса, жаза ауырлай түседі.

Биылғы жыл республикамыз бойынша Болжалды сот төрелігі және Әкімшілік әділет жүйесін құру жылы болып белгіленді. Сондықтан алдағы уақытта сот қызметін жан-жақты талдау, бірыңғай сот практикасын енгізу арқылы судьялар тәуелсіздігін қамтамасыз ету, дауларды шешуде татуластыру рәсімдерін кеңінен қолдануға бар күш-жігерімізді жұмылдыруымыз керек.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

ДАУДЫ ШЕШУДІҢ ЕҢ ЖАҚСЫ ТӘСІЛІ – ДАУДАН ЖАЛТАРУ

Мемлекетіміз азаматтар жағдайына алаңдаушылық білдіріп, дауды шешудің баламалы тәсілдерін заңнамада бекітті, соның бірі – медиация. Қазақ даласындағы билер институты да татуласу рәсімін өткізудің айқын мысалы, себебі, мұндағы мақсат дауласқан тараптарды татуластыру және залалдың орнын толтыру.

Қазталов аудандық сотында татуластыру рәсімдері кең қолданылады. Аталған рәсімдер процестік әрекеттердің алгоритмі бойынша жүргізілуде, оған сәйкес талап арызды соттың іс жүргізуіне қабылдағанға дейін және азаматтық істі қозғағанға дейін тараптарды татуласу рәсіміне

ЖАНАЙҚАЙ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы атқарылған жұмыстарға қарамастан, парк басшылығы ауысқан сайын кәсіпкерлікпен алаңсыз айналысуыма мүмкіндік бермей келеді. Алдыңғы басшылардың құйтырқылығын қазіргі басшы да қайталап отыр. Ол да сол кездегі жалған құжатты негізге алып, жерді жалға алу құқымнан айыру мақсатында жұмыс жүргізуде. Негізсіз хаттар жіберіп, жерді кері қайтаруымды талап етуде. Тіпті, Қазақстан заңдарын өрескел бұзғандығымен қоймай, жоғары тұрған ведомство, дәлірек айтқанда, Экология министрлігі орман және жануарлар әлемі шаруашылығы комитеті басшылығының жазбаша нұсқауларын елемейді де. Өткен жылдың желтоқсан айында облыстық прокуратурада Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті және Кәсіпкерлік палатасы қызметкерлерімен бірлескен дөңгелек үстел отырысы ұйымдастырылып, осы жайт жан-жақты талқыға түсті. Осы отырыста да парк басшылығы кезекті бір жалған құжатты көрсетіп, шатастыруға тырысты. Заңсыз іс-әрекеттер осылай жалғаса берсе, әрі қарай қалай жұмыс істерімізді де білмейміз.

Бұл әрекетке байланысты қылмыстық іс ашылып, парк басшылығының жасаған жалған құжаты экспертиза қорытындысымен дәлелденді және барлық заңсыз сот актілерінің күші жойылды. Парк басшылығы баяғы іске аспаған жоспарларды биыл тағы да кірісті. Осы уақытқа дейін парк әр хатында келісімшартты біржақты бұзатын деумен келеді.

Парк басшылығы Түркістан облысы Табиғат қорғау прокуратурасын жеке мүддесі үшін екі рет алдады. Неге десеніз, прокуратура тексергенде, «BALNUR» ЖШС-на қатысты құжаттардың ұсынылмауына байланысты толыққанды зерделеу жұмыстарын жүргізе алмаған. Сонымен қатар, прокуратура ұсынысына қолданылған шара ретінде «Сайрам-Өгем МҰТП» РММ-нің серіктестікке ескерту хатында келісімшарттың 3.13-бабын әдейі бұрмалап, прокуратураға жалған ақпарат берген.

26.11.2020 жылы парк басшысы міндетін атқарушы орынбасарының қол қойған хатын жіберді. Бұл хатта да келісімшартты біржақты бұзатындығын көрсеткен. Осы хатта «BALNUR» ЖШС-не 12.03.2020 және 07.09.2020 жылы хаттар жолданғанын көрсетеді. Бірінші хатты алмағанмын, өйткені, бұл кезде еліміз бойынша төтенше жағдай енгізіліп, бекеттер қойылған болатын. Осындай форс-мажор жағдайда мені кінәлап, өз мақсаттарына жетпекші. Ал, екінші хатты алғаннан кейін паркке кемі 10 мәрте бардым. Хат жаздым, қосымша шарт жасау туралы ұсыныс бердім. Олардың жауап хатында қосымша шарттың нұсқасы дайын еместігі және келісімшартқа қол қойып, мөр басатын басшының жұмысқа келмей жүргендігі айтылған.

18.09.2020 жылғы хатыма заңда белгіленген мерзімде жауап берілмеді. Неге уақытылы жауап берілмегендігін сұрап барғанымда, С.Қынтаев ешқандай қосымша шарт жасалмайтындығын және сот арқылы жердің қайтарылатындығын айтқан болатын.

С.Қынтаев 07.09.2020 жылғы №482 санды хатында келісімшарттың 3.12-бабы бойынша қосымша шарт жасалу керектігін атап көрсетіп, жылына 420 мың теңге төлену тиістігін жазған. Енді №355 санды 26.11.20 жылғы хатымен ешқандайда қосымша келісімшартсыз 2.12.20 жылға дейін аталған қаржыны арнайы есеп шотқа төлемесең келісімшарт біржақты бұзылады деп отыр. 2016 жылға дейін келісімшарттың осы

3.12-бабы бойынша жыл сайын қосымша шарт жасалып, жылына 100 мың теңгеден астам парктің арнайы есепшотына төлеп келген болатынмын. Парк басшылығы ҚР заңында келісімшарттар заңды тұлғалар арасында жасалса және міндеттер 1 жылдан асатын жағдайлар туындататын болса, міндетті түрде қосымша шарт жасалатындығынан және Әділет органында тіркелетіндігінен бейхабар.

22.10.2020 жылы «Сайрам-Өгем МҰТП» РММ-сі «BALNUR» ЖШС-не ескерту хат жолдап, келісімшарттың 3.13-тармағы талаптарының орындалмауына байланысты 28.01.2011 жылы жасалынған келісімшарттың бұзылып, тоқтатылатындығын хабарлайды. Ескерту хатында «BALNUR» ЖШС-не өз міндетін қисынды мерзімде орындауға мүмкіндік бермей отыр. Яғни, хатта 60 күн ішінде 8 коттеджді салып бітіруім керектігі көрсетіліпті. Былай-

міндетті деп көрсетпеген. «Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ-мен түзілген 28.01.2011 жылғы №2 санды келісімшартта «BALNUR» ЖШС он коттедж, бір асхана, бір қойма, бір спорт алаңын салып беремін деп міндеттеме алған емес. Сонымен қатар, ҚР Үкіметінің 07.12.2006 жылғы №1181 санды Қаулысымен бекітілген Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристік және рекреациялық мақсаттағы объектілерді салуға конкурстар өткізу ережесінде тек конкурсты өткізу тәртібі қарастырылған, ал құрылыс нысанын салу, келісімшартты бұзу немесе жер телімін қайта алу процедурасы мүлдем көзделмеген. Сондай-ақ, ҚР Үкіметінің 05.07.2012 жылғы №910 санды Қаулысымен аталған ереженің күші жойылған.

«Сайрам-Өгем» МҰТП-нің бас жоспары 2008 жылы «Терра» ЖШС тарапынан жасалынған екен. Бұл құжатпен мені ешкім таныстырмаған. Бұл бас жоспар 10 жыл мерзімге жасалады. Қолдану аясы 2 жыл бұрын, яғни 2018 жылы біткен, құқықтық

өткен жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында және Nur Отан партиясының соңғы съезінде «бизнеске кедергі келтіру және заңсыз араласу ауыр қылмыс қатарына енгізілсін» деген болатын. Ал, «Сайрам-Өгем» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі «BALNUR» ЖШС-не жұмыс істетпей, негізсіз, әртүрлі әкімшілік кедергілер жасап, жылжымайтын мүліктерін арзан бағамен алып қоймақшы».

Арызданушының осы уәждерінің қаншалықты рас екенін білу мақсатында біз «Сайрам-Өгем» мемлекеттік ұлттық табиғи парк директоры Қанат Пилалов мырзаның қабылдауында болдық. Ол кісі өзінің жұмысқа жаңадан келгендігін, бұл жағдай бойынша мәліметтерден бейхабар екенін және осы жағдай бойынша комитеттен арнайы тексеру жүргізіліп жатқанын айтып, тексеру қорытындысы шыққанға дейін күте тұруымызды өтінді. Біз мұнымен келістік. Комитет тарапынан жүргізілген тексеру қорытындысын парк басшылығынан емес, арызданушыдан алдық. Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің

ЖЕТІ ЖЫЛҒА
СОЗЫЛҒАН ДАУКәсіпкер мен Ұлттық парк «итжығысы»
қашанға дейін жалғаспақ?

ша айтқанда, әлі СЖТ, жұмыс жобасы, экспертиза қорытындылары, ГАСК-тен, парк тарапынан рұқсат алынбаған құрылысты аяқтауды сұрайды.

Келісімшартта жер пайдаланушы бір жылда салынатын нысандардың жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу және үш жыл ішінде объектіні салу туралы мерзімі мүлдем көрсетілмеген. «Сайрам-Өгем МҰТП» ОҚО, Төлеби ауданы, Біркөлік шатқалында орналасқан №10 орамның № 6, 21, 22,23 телімдерінен 7 га жерді туристік, рекреациялық мақсаттағы жер телімдерін конкурсқа шығарғанда, конкурстық құжаттамада, газет бетіне жарияланған хабарламада осы конкурсты жеңіп алатын қатысушы бір-екі жыл ішінде осы жер телімдеріне 10 коттедж салуға

мәртебесі жоқ құжатты негізге алып сотқа бермекші. Парк басшылығының айтуынша, 2020 жылы жаңадан бас жоспар бекітілген. Бұл бас жоспар бойынша мен 150 миллион теңге инвестиция салуым керектігі көрсетілгендігін айтады. Осыған байланысты мен парк басшылығына заңның талабына сәйкес қосымша шарт жасалуы, демалушылардың заманауи сұранысына сай кейбір құрылысқа рұқсат етілуі керектігін және бұл бас жоспар бізбен келісіп жасалмағандығын ескерттім. Менің 15.09.2020 жылғы хатыма әдейі жауап бермей отыр. Парк басшылары сотқа беру үшін ескерту берілгеннен кейін келісімшартты бұзу үшін 60 күннің өтуін күтіп отыр.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев

Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының орынбасары Е.Мұратов қол қойған хатта жағдайдың сараланғаны айтыла келе, «Комитет Ұлттық парктің Төлеби филиалына қарасты Біркөлік шатқалының туристік және рекреациялық аймағынан барлығы 7,0 (жеті) га жер учаскесінде рекреациялық және туризм мақсатындағы объектілерді салуға және ұзақ 49 жыл мерзімге жалға беру туралы 28.01.2011 жылғы №2 келісімшартпен көзделген міндеттемелер «BALNUR» ЖШС тарапынан тиісінше орындалмауына байланысты Ұлттық паркпен келісімшартты мерзімінен бұрын бұзу жөніндегі әрекеттерін құқылы деп санайды» деп қорытындыланған екен.

Бірақ, арызданушы бұл қорытындымен де келіспейтінін білдірді. «Хаттың шығыс нөмірі жоқ, қай күні екендігі көрсетілмеген. Мен шағымымда тексерудің міндетті түрде менің қатысуыммен жүргізілуін ерекше сұрағанмын. Бұл тексеру менің қатысуымсыз жүргізілді. Бес күнге тағайындалған тексеруде комитет қызметкерімен тек 2 сағаттай ғана бірге болдық. Сондықтан да бұл комиссия тексеруін заңсыз деп есептеймін. Хатта баяндалғандай, тексеру тек біржақты болған және тек Ұлттық парктің жалған уәждері ғана негізге алынған. Орман және жануарлар әлеміне тиісті заңдылықтарды қадағалайтын екі бірдей – Қызылорда және Түркістан облыстық аумақтық инспекцияларының қорытындыларын назарға алмай, өз беттерінше шешім шығарып отыр. Екі мекеме де Ұлттық парктің негізге алған Түркістан облысы экология прокуратурасының ұсынысында кемшіліктер кеткендігін, атап айтқанда, заңда көрсетілмеген біржақты бұзу процедурасының заң талабына қайшы екендігі нақты көрсетілген. Келісімшарттың 5.3-тармағында келіспеушіліктер сот арқылы шешіледі делінген. Ал бұл даулы мәселе сотта қаралып, нүкте қойылған», – дейді С.Садықов.

Бұл дауға өз кезегінде «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлік палатасы да араласқан болатын. Таразының екі жағында тұрған тараптардың қайсысының уәжі дұрыс екенін білу мақсатында осы палатаның қызметкерімен де хабарласқан едік.

– «Сайрам-Өгем» ұлттық паркі мен «BALNUR» ЖШС арасындағы негізгі дау туристік мақсатта салынуы тиіс 10 үйге қатысты болып жатыр, – дейді Түркістан облыстық Кәсіпкерлер палатасының бірінші дәрежелі expertі Әсел Нарымбетова. – Негізі, 2011 жылы екеуара жасалған келісімшартта 10 үй салу керек деген талап болмаған. Бірақ, бас жоспарда көрсетілгенге ұқсайды. Кәсіпкер бас жоспарды жалған құжат деп есептейді, ол сотпен де дәлелденген дегенді айтады. Ал парк басшылығы оны мойындамай, келісімшартты біржақты бұзуда әрекет етуде.

Келісімшарт біржақты бұзылмайды. Бұл туралы біз прокуратура органдарына да жазғанбыз. Алайда, әзірге нақты жауап жоқ. Жалпы алғанда, бұл келісімшартта әу баста шікіліктер көп болған. Міндеттемелер нақты көрсетілмеген. Сол себепті қазір дау туындап отыр. Біздің палата бұл іспен өткен жылдың қыркүйек айынан бері айналысып келеді. Ұлттық парк, прокуратура мен кәсіпкердің басын қосып, дөңселек үстел отырысын да өткіздік. Сол жерде мәселе талқыға түскенімен, әлі шешім қабылданбады. Дау созыла бермес үшін, кәсіпкер өзі айтып жүрген құжаттардың жалған екендігін сот арқылы дәлелдеп, соңғы нүктені қойдыруы тиіс деп ойлаймын. Әйтпесе, жұмыс істеу қиын.

Әрине, соңғы нүктені сот қоятыны түсінікті. Дегенмен, Президенттен бастап барлық деңгейдегі лауазым иелері, оның ішінде Бас прокуратура да түрлі мекемелер тарапынан кәсіпкерге жөнсіз тиісіп, жұмысына кедергі жасап, тосқауыл қойып жатқанда, облыстық прокуратураның бұл іске қатысты нақты шешім қабылдауға неге құлықсыздық танытып отырғаны түсініксіз. Әйтпесе, кәсіпкердің Ұлттық паркпен соттасып жүргеніне бақандай жеті жыл болған екен. Дау қашанға дейін жалғаспақ? Мұндай кедергілермен кәсіпкер кәсібін қалай жүргізеді?

Шадияр МЕКЕНБАЙҰЛЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

АҚШАЛАЙ ӨНДІРІП АЛУ –
МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАСЫ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі шілде айынан бастап қолданысқа енгізіледі. Жария-құқықтық дауды реттеудің бұрынғы механизмінен жаңа кодекстің айырмашылығы неде?

Біріншіден, АПК – көп жағдайда жеке құқықтық қатынасты реттейтін құрал. Оның басты қағидасы сот алдында барлығының теңдігі, яғни тараптар қандай дәлелдеме келтірсе, сот тек қана осы ұсынылған құжаттарға баға беріп, сот шешімін шығарады. Ал әкімшілік сот ісін жүргізуде сот тараптар ұсынған құжат, дәлелдеме, түсініктемеге қарамастан, істі толық қарау мақсатында басқа құжаттарды талап етуге құқылы.

Екіншіден, кодекс тек іс соттың әрекеті емес,

онымен қоса жеке не заңды тұлғадан өтініш түскен уақыттан бастап түпкілікті мемлекеттік органның өтініші бойынша шешім шығарғанға дейінгі әрекетін реттейді.

Үшіншіден, АПК нормаларына сай талап қоюшы арызында жауапкер ретінде кімді қоятынын өзі таңдайды. Егер сот отырысына дайындық жүргізу барысында арызда көрсетілген жауапкердің тиісті емес жауапкер екені анықталса, сот талап қоюшыға жауапкерді ауыстыру құқығын түсіндіреді. Төртінші, соттың белсенді рөлі қағидасы. Бұл жаңа кодекстегі ең маңызды қағиданың бірі. Сот тараптар түсініктемесімен, арызымен, өтінішхатымен, олар ұсынған дәлел, әкімшілік істің өзге де материалымен шектеліп қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мәңжайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Бұдан бөлек судьяның әкімшілік істің заңды тұстарына құқықтық негіздемелер

бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқығы бар.

Бесінші, ақшалай өндіріп алу процестік мәжбүрлеу шарасы. Ақшалай өндіріп алу жеке тұлғаға, лауазымды адамға, заңды тұлғаға не оның өкіліне 10 – 100 АЕК дейінгі мөлшерде қолданылады.

Алтыншы, Әкімшілік сот ісін жүргізуде талаптың төрт түрі қаралатын болады: 1) дау айту; 2) мәжбүрлеу; 3) әрекет жасау; 4) тану туралы.

Қорытындылай келе, бұл жаңашылдықтар Еуропаның дамыған елдерінің құқықтық тәжірибесінен алынған және жаңа институт мемлекеттік басқару, сонымен қатар, сот төрелігінің ашықтығына, сапасына оң әсер етеді.

А.ЖАМИЕВ,
Ақтөбе қалалық № 3 соттың судьясы

САРАП

Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының мақсаты – әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу, сотталғандар мен өзге азаматтардың жана қылмыстық құқық бұзушылық жасауының алдын алу. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату – сотталғандардың құқыққа бағынушылық және белсенді, қоғамға пайдалы мінез-құлқын ынталандыратын, оларды түзетуге және қоғамға толыққанды азамат ретінде оралуына ықпал ететін қылмыстық заңнамаға енгізілген гуманизм көріністерінің бірі.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхатты сотталғандардың жазасын өтеу орны бойынша соттар қарайды. Ол түзеу мекемесінің әкімшілігі арқылы, яғни ҚР



ШАРТТЫ ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН
БҰРЫН БОСАТУ ТӘРТІБІ

ҚАК-нің 169-бабының 1-1, 3, 9-тармақтарында жазылған өтінішхатпен жұмыс істеу тәртібіне сәйкес беріледі.

Түзеу мекемесінің әкімшілігі белгіленген мерзімде сотталған адамның өтінішхатын сотқа жібереді, бұл ретте оған сипаттайтын материалды және одан әрі сотталған адамның сот тағайындаған жазаны толық өтеуін қажет етпейтінін куәландыратын ақпарат, залалды өтегені, процестік шығын және басқа да мәлімет қамтылуы тиіс. Соны негізге ала отырып, шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі туралы қорытынды ұсынылады.

Сотталған адамның мінез-құлқын бағалау кезінде соттар: оның ішкі тәртіптеме қағидаларын сақтауын, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі әкімшілігінің талаптарын орындауын, тәрбиелік сипаттағы іс-шараларға және мекеменің қоғамдық өміріне қатысуын, көтермелеуін, туыстарымен және сотталғандармен қарым-қатынаста болуын, оқуға оң немесе теріс көзқарасын, залалды өтегенін және сотталған адамның түзелгенін куәландыратын басқа да мән-жайларды ескеруге тиіс.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы мәселені шешу кезінде соттар жеке көзқарасты қамтамасыз етуге, өтінішхатта және өзге де материалда қамтылған мәліметтердің жазаны жеңілдетуге жеткілікті екенін анықтауға, яғни сотталған адамның мінез-құлқындағы оң өзгерістерді бағалауы тиіс. ҚК-тің 72-бабына сәйкес, сотталған адам жазаның белгілі бір бөлігін іс жүзінде өтеген, оның мөлшері қылмыстың санатына байланысты болатын және 1) адамның түзелуі үшін тағайындалған жазаны толық өтеуі қажет етілмейді деп танытын болса, 2) қылмысымен келтірілген залалды толық өтеген, ол жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған жағдайда, шартты түрде мерзімінен бұрын босату шарасы қолданылуы мүмкін.

Сотталған адам:

- *оныа ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін;*
- *ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын;*
- *аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін;*
- *егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші осы баптың жетінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында көзделген негіздер бойынша жойылған жағдайда, жазаның қалған өтелмеген мерзімінің кемінде үштен екісін;*
- *егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші осы баптың жетінші бөлігінің 3) тармағында көзделген негіздер бойынша жойылған болса, жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін іс жүзінде өтегеннен кейін;*
- *сотталған адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған жағдайда, ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза*

мерзімінің кемінде үштен бірін не аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын іс жүзінде өтегеннен кейін ғана шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылуы мүмкін.

Қылмыстың ауырлығына қарамастан, іс жүзінде өтелген мерзім алты айдан кем болмауға тиіс, алайда бұл талап жазаның өзге түрлеріне қолданылмайды. Сот үкімі бойынша өмір бойы бас бостандығынан айырылған адамдарға шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі нақты өтелген мерзім жиырма бес жылдан кем болмағанда ғана қолданылады. Сот үкімімен өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан адам процестік келісімнің барлық шарттарын орындаған жағдайда, кемінде он бес жыл түзеу мекемесінде отырғаннан кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Сонымен қатар, шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы мәселені шеше отырып, сот қосымша жазаны өтеуден толық немесе ішінара босата алады.

Қылмыстың ауырлығына қарамастан, іс жүзінде өтелген мерзім алты айдан кем болмауға тиіс, алайда бұл талап жазаның өзге түрлеріне қолданылмайды. Сот үкімі бойынша өмір бойы бас бостандығынан айырылған адамдарға шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі нақты өтелген мерзім жиырма бес жылдан кем болмағанда ғана қолданылады. Сот үкімімен өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан адам процестік келісімнің барлық шарттарын орындаған жағдайда, кемінде он бес жыл түзеу мекемесінде отырғаннан кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

Шешім қабылдай отырып, сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға сотталғанның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органға немесе әскери бөлімдер мен мекеме қолбасшылығына әскери қызметшілерге қатысты хабарламай тұрақты тұратын, жұмыс істейтін, оқитын жерін ауыстырмау, белгілі бір жерлерге бармау, маскүнемдіктен, нашакорлықтан, уытқұмарлықтан, соз ауруынан немесе АИТВ/ЖИТС-тен емделу курсынан өту, отбасына материалдық қолдауды жүзеге асыру секілді белгілі бір міндеттерді жүктей алады.

Мерзімінен бұрын шартты түрде босатылмайтын адамдар санатына қатысты 2020 жылғы желтоқсанда өзгерістер енгізілді.

Аталған өзгерістер Мемлекет басшысының тапсырмасын, оның ішінде 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында айтылған «Қазақстан Республикасының Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы шеңберінде енгізілген және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға сай көптеген заңнамалық өзгеріс көзделген. Соған орай, жемқорлықпен сотталғандарға шартты түрде мерзімінен бұрын

босатуды қолдануға тыйым салынды. ҚК-тің 72-бабына енгізілген түзетулерге сәйкес шартты түрде мерзімінен бұрын босату ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін сотталған адамдарға қолданылмайды. Ерекшелікті тек екі жағдай құрайды: мұндай қылмыстарды әлеуметтік осал азаматтардың жасауы (жүкті әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, 58 жастағы және ол жастан асқан әйелдер, 63 жастағы және ол жастан асқан еркектер, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер); ынтымақтастық туралы процестік келісімінің барлық шарттарын орындаған сотталғандардың осындай қылмыстар жасауы.

Залалды өтеу және бас бостандығынан айыру орындарында жаза болмаған жағдайда азаматтардың аталған санаттары: ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын; аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін

іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

Жоғарыда аталған әлеуметтік осал санаттағы азаматтар бұрын қолданылған нормалар бойынша ауыр сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін жаза мерзімінің кемінде үштен бірін және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін жаза мерзімінің кемінде жартысын өтей отырып, ШТМББ-ға үміткер бола алатынын атап өткен жөн. Яғни, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік, тіпті әлеуметтік осал топтар үшін де заңмен күшейтілді.

Занда ынтымақтастық туралы процестік келісімнің барлық шарттары орындалған жағдайда, ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдарға қатысты ШТМББ-ны қолдануға жол беретін норма көзделген. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан бас тарту ұсынысты қайта енгізу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Ол бас тарту туралы қаулы шығарылған күннен бастап кемінде алты ай өткен соң, ал өмір бойы бас бостандығынан айыруды өтеп жүрген адамдар үшін кемінде үш жылдан кейін орын алуы мүмкін.

**Кеменгер ИМАШЕВ,
Байқоңыр аудандық №2 сотының
төрағасы
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ**

КӨЗҚАРАС

МӘМІЛЕГЕ КЕЛУГЕ
МӘН БЕРЕТІНДЕР
КӨБЕЙДІ

«Ел іші даусыз болмас» дегендей, азаматтардың кез келген даулы мәселеде алдымен сотқа жүгінетіні анық. Сондай кездері, оларға бітімгершілік институтының нормаларын заң аясында түсіндіріп, бағыт-бағдар береміз. Қанша ашумен келсе де, медиацияның мүмкіншілігін пайдалануды жөн көретіндер жетерлік. Бұл тұрғыда, әсіресе, іскерлік қатынастардағы дауларда басымдық байқалады. Себебі, кәсіпкерлер ұзақ уақыт бойы соттасудың соны айналып келгенде өздеріне зиян екенін түсінеді. Нәтижесінде тараптар ортақ келісімге келудің жолын қарастырады. Әрине, бұл үшін соттар тарапынан аз еңбек жұмсалмайды.

Жыл басынан бері біздің сотта бітімгершілікпен біткен істер саны артуда. Солардың бір-екеуінен мысал келтірсек. Тараптар арасында уақытша қаржылық көмек көрсету туралы шарт жасалады. Шарт талабына сай, талапкер жауапкерге 178 832 357 теңгеге жуық көмек көрсетеді. Қарыз алушы бұл соманы шартта көрсетілген мерзімде қайтаруға міндетті болады. Алайда, ол мойнына алған уәдесін уақытында орындай алмай, шарт талабын бұзады. Соған орай, талапкер негізгі қарыз бен тұрақсыздық айыбын өндіру туралы сотқа талап арыз түсірді.

Талап арыз оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қабылданды. Жауапкер талапкер алдындағы берешегін растады және істі талап қою ісін жүргізу қағидасы бойынша жалпы тәртіппен қарау туралы өтінішхат берді. Іс барысында қосымша мән-жайлар анықталып, дауды татуластыру рәсімін қолдану арқылы реттеу туралы қорытынды жасалды. Медиативтік келісімнің құқықтық салдары түсіндірілді. Талапкер өкілі мен жауапкер медиативтік келісімді бекіту туралы өтініш түсірді.

Осы тұста заңдылыққа келсек, Азаматтық процестік кодекстің 179-бабы 1-бөлігіне сәйкес, тараптар сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда дау-жанжалды медиация тәртібімен реттеу туралы өтініш бере алады. Бұл тараптардың еріктілігі мен адалдығы қағидаттарының негізі мен «Медиация туралы» заңның 27-бабының 3-тармағына сай, келісімде көзделген уақытта орындалуы тиіс. Заң нормаларын сақтай отырып жасалған келісімде жауапкер қарызын 2022 жылдың 30 қарашасына дейін үшке бөліп өтеу міндетін мойнына алды. Яғни шартқа сай, осы жылғы 18 ақпанға дейін бір бөлігін, 31 желтоқсанға дейін екінші бөлігін жоғарыда көрсетілген мерзімде қолдан сомадан толықтай құтылады. Талап қоюшы талап қою талаптарынан бас тартып, берешекті өтеу шарттарымен және мөлшерімен келісті. АПК-нің 277-бабы, 6-тармағымен іс тоқтатылды.


Тағы бір мысал, жеке кәсіпкер 250 грамдық «Пиала Голд» шайының он бумасын сатып алады. Алайда «Теаленд» зертханасы шайдың таза еместігін, яғни, қолдан жасалғанын анықтайды. Белгілі компанияның тауар белгісін заңсыз пайдалану салдарынан материалдық залал келтіріледі. Мұны талапкер дәлелдеп, жауапкерден 396 701 теңге өндіріп алу туралы сотқа жүгінді. Екі жаққа да дауды реттеуге уақыт берілді. Тараптар өзара келісімге келді. Жауапкер талапкер алдындағы берешегін 2021 жылдың 15 тамызына дейін өтеуге міндеттенді. Тізе берсек, мұндай істер жетерлік.

Президент айтқандай, елімізде медиацияның дамуына барлық мемлекеттік органдар мүдделілік танытып, бабаларымыздан жеткен асыл құндылық бітімгершілік институтының мүмкіндігін пайдалануға халықтың барынша жұмылдырсақ, береке-бірлігіміз артып, дамыған елдер қатарынан ойып орын аларымыз хақ. Жоғарғы Сот төрағасы Ж.Асановтың «Ең дұрысы – татуласу, келісу, бір мәмілеге келу. Бұл мемлекет өркендеуінің алғышарты» деген сөзіне жүгінісек, медиация тәртібімен реттеліп жатқан істер еңбегіміздің ақталғанын көрсетеді.

**Жанар ИБРАГИМОВА,
Алматы облысының мамандандырылған
ауданаралық экономикалық сотының судьясы**



ХАЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУДЫҢ МАҢЫЗДЫ
ФАКТОРЫ



Жамбыл облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында мемлекеттік тілде сот төрелігін жүргізу мәселесі талқыланды. Іс-шарада судья Л.Ильясова: «Мемлекеттік органдар мемлекеттік тілдің дамуы үшін барлық жағдайды жасауға міндетті. Қазіргі уақытта мемлекеттік тілді меңгерген халықтың санын 95 пайызға дейін арттыруды көздейтін мемлекеттік бағдарлама іске асырылуда», деп осы бойынша сотта атқарылып жатқан шараларға тоқталды.

Ал Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы орталығының директоры Г.Әлімбекова «Қазақстанның әр азаматы мемлекеттік тілді білуі парыз, ол халықты нығайтудың маңызды факторы. Тілдің осы артықшылығын ел игілігіне пайдалануымыз керек» деп қатысушыларға игі ұсынысын жеткізді.

Жиында соттың кеңсе меңгерушісі Қ.Назарқұлова, басқарма прокуроры Б.Жайымбаев, адвокат З.Бақытқызы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге қатысты өз пайымдарын ортаға салды. Қ.Назарқұлова келтірген статистикалық мәліметтерге сай, 2020 жылы сот өндірісіне жалпы 3822 кіріс құжаты келіп түскен, оның 3203-і, яғни, 84 пайызы мемлекеттік тілде. Шығыс құжаттар саны 4607 болса, оның 4475, яғни 97,1 пайызы мемлекеттік тілде. Көрсетілген мерзімде 104 сот ісі қаралған, оның 57-сі мемлекеттік тілде таразыланған. Жұын барысында көтерілген мәселелер мен қабылданған ұсыныстар алдағы уақытта қаперде ұсталмақ.

**Райхан РАТОВА,
Жамбыл облысы бойынша қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты
кеңсесінің бас маманы**

ТҮРЛЕНГЕН ТҮРКІСТАН



райы (Самұрық-Қазына); 7000 орындық стадион (Самұрық-Қазына); бас-сейні бар спорт кешені (Petroleum Operating); олимпиадалық резерв мектебі (Солтүстік Қазақстан облысы); Халыққа қызмет көрсету орталығы (Павлодар облысы) және музыкалық мектеп (Батыс Қазақстан облысы); қалалық саябақ (Алматы, Ақмола, Қарағанды); цифрлық кеңсе (Самұрық-Қазына). Ал, рухани-мәдени орталықта құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан 9 нысанның жетеуі пайдалануға берілген. Қала көркін ашқан шығыс моншасы (Қызылорда облысы); музыкалық субұрқак (Шығыс Қазақстан облысы); неке

сарайы (Қостанай облысы); амфитеатр (Маңғыстау облысы); қабылдау орталығы (Жамбыл облысы); Қ.Ясауи мұражайы (Самұрық-Қазына); Ұлы Дала Елі (Атырау облысы) бүгінде көрген жанның көңілінен шығуда.

Өз тілшіміз

дерінің көлемі 535,2 млрд теңгеге жетті. Индустрияландыру картасы аясында былтыр 8,6 млрд теңгеге 14 жоба іске қосылып, 1 620 жұмыс орны ашылды.

КӨРКЕЙГЕН ҚАЛА

Облыс орталығын дамытуға қатысты Елбасының тапсырмасы-

на сәйкес, 2019 жылы 23 нысанның құрылысы басталған еді. Бүгінгі таңда әкімшілік-іскерлік орталықта 14 нысанның құрылысы аяқталды. Олар: әкімшілік; басқармалар; департаменттер ғимараты мен Нұр-Сұлтан алаңы (Астана қаласы); конгресс-холл орталығы (Самұрық-Қазына); медиа-орталығы (Алматы қаласы); оқушылар са-

(868 бизнес-жоспар) қаржыландыру деңгейіне дейін сүйемелденді. Соның нәтижесінде, облыс 2020 жылы «Бизнесіті жүргізу жеңілдігі» рейтингі бойынша да республикада 1-орынды иеленді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЭКОНОМИКАНЫҢ БАСТЫ ҚОЗҒАУШЫСЫ

Ауыл шаруашылығында 729,7 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, 2018 жылмен салыстырғанда өсім 34%-ды құрады. Бұл көрсеткіш бойынша Түркістан облысы республикада үздік үштіктің қатарында тұр. Ауыл шаруашылығы экспортының көлемі 212,5 млн АҚШ долларына жетіп, 64,4%-ға немесе 13,7 млн АҚШ долларына артты. Салаға инвестиция тартуда облыс республикада екінші орында тұр. Атап айтқанда 55,4 млрд теңге инвестиция тартылып, ондағы өсім 123,7% құрады.

Жалпы, 2020 жылы өнеркәсіп өнім-

ТАРАТУ

2. «ДАСС-КАЗТранс», (БСН 071140017667), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Уәлиханов көшесі, Шығыс өндірістік аймақ.

4. «Текели ТЭЦ-1» ЖШС, (БСН 141140013769), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Текелі қаласы, Қаныш Сәтпаев көшесі, 1-үй.

5. «EKOL KZ» («ЕКОЛ КЗ») ЖШС, БСН 050140004202, құрылтайшылардың 29.03.2021 ж. шешімінің негізінде өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3 үй, 138-кеңсе.

7. «Құлан жастары» жастар қоғамдық бірлестігі, БСН 130440007582, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Көгершін ауылы, М. Амреев көшесі, 5. Индекс: 080908. Тел.: 87784972919.

11. «Құлан Көк Бау» ЖШС, БСН 090740015564, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Құлан ауылы, Төле би, 34.

14. «The SO» ЖШС, БСН 160840015632, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Көк-Жиек ықшамауданы, 60-үй, 35-пәтер. Тел.: 87476669165.

16. «Сәт-сапа» ЖШС, БСН 200140016308, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Самал ықшамауданы, 3 оралым, 11-үй. Тел.: 87023033307.

17. «АБСОЛЮТ- KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 031140006377 (Қазақстан, Алматы облысы, Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Жеміс көшесі, 181-үй, 10-пәтер), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Амангелді көшесі, 49 А. Тел.: 87077373150.

ӨРТҮРЛІ

8. «АЯ консалтинг» ЖШС Жалғыз қатысушының шешіміне сәйкес, «АЯ консалтинг» ЖШС-нің (БСН 141240010976) жарғалық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, бір ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 7-үй, «Нұрлы Тау» БО, блок 5А, 4-қабат, 122 кеңсе. Тел.: 87017470987 немесе zh.tauba@diyeva@bem.kz электронды поштасы.

9. «Диджитал Финанс Интернешнл Казахстан» ЖШС, БСН 171040031045, «Ulzhan Project» ЖШС-не, БСН 201240029871, қосылу арқылы өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Володарский көшесі, 40-үй, 136-пәтер.

10. «Friendly Finance Kazakhstan (Фрэндли Файнэнс Казахстан)» ЖШС, БСН 161240019458, «Ulzhan Project» ЖШС-не, БСН 201240029871, қосылу арқылы өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Володарский көшесі, 40-үй, 136-пәтер.

13. «ТрансТехноОйл-А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 050240013849, «BiZone Kazakhstan Ltd» ЖШС-не, БСН 190340900113, қосылу арқылы өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел, 11/1 ғимарат, н.п.517.

3. Атауы Қызметінің түрі Занды мекен-жайы, Бизнес сәйкестендіру нөмірі, Жеке сәйкестендіру нөмірі 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша			“Almaty Triathlon Federation” қоғамдық бірлестігі Коммерциялық емес 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, №5 үй, н.п. 6, 171040015211 БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС		
			<i>мың теңге.</i>		
Активтер			Есепті кезеңнің соңына	Есепті кезеңнің басына	
Активтер			-	-	
Ақша қаражаттары және олардың баламалары			44 208	1 426	
Басқа да қысқа мерзімді дебиторлық берешек			2 984	57 149	
Қорлар			78 228	77 638	
Негізгі құралдар (амортизацияны алып тастағанда)			43 718	76 354	
Материалдық емес активтер (амортизацияны алып тастағанда)			377	377	
Басқа да активтер			395	2 983	
Активтердің жиыны			169 910	215 927	
Міндеттеме мен капитал			-	-	
Міндеттеме			-	-	
Салықтар бойынша міндеттемелер			134	-	
Өзге міндеттемелер			14	188	
Міндеттеме жиыны)			148	188	
Өз капиталы			-	-	
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)			169 763	215 729	
Капитал жиыны			169 763	215 729	
Капитал жиыны және міндеттемелер			169 910	215 927	

Атауы Қызметінің түрі Занды мекен-жайы, Бизнес сәйкестендіру нөмірі, Жеке сәйкестендіру нөмірі 2020 жылға алынған қаражаттың мақсатты пайдалануы туралы есеп			“Almaty Triathlon Federation” қоғамдық бірлестігі Коммерциялық емес 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, №5 үй, н.п. 6, 171040015211		
			<i>мың теңге</i>		
Атауы			Соммасы		
Есепті жылдың басына қаражат қалдығы			1 426		
Келіп түскен қаражат					
Қайырымдылық көмек			113 400		
Ұйымның кәсіпкерлік қызметінен түскен табыстар			467		
Түскен қаражаттардың барлығы			113 867		
Пайдаланылған қаражат					
Мақсатты іс-шараларға жұмсалған шығыстар, оның ішінде			12 511		
оқу-жаттығу жиындары			9 979		
спорт ғимараттарын ұйымдастыру			418		
спортшыларға қайырымдылық көмек			3 629		
турирлерді, спорттық шаралар мен чемпионаттарды ұйымдастыру			80		
ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру			18		
бапкерлердің, судьялардың біліктілігін арттыру			387		
Әкімшілік шығыстар			58 574		
Барлығы пайдаланылған қаражат			71 085		
Есепті жылдың соңына қаражат қалдығы			44 208		

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ОрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argdawa_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі, 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДАҒЫ ТУРИЗМ



Коронавирус барды бағалатып, жоққа тәубе дегізді. Алғашында Кесік-терезесін қымтап, тұмшаланған әлем бүгінде үрейді жеңіп, індетке көзін де, көңілін де үйрете бастады. Солай болуы тиіс те. Себебі, мамандар айтқандай біз енді бұл вируспен бірге өмір сүреміз! Демек, төтенше жағдай екен деп тығылып отыруға болмайды. Керісінше, ауру жұқтырмаудың амалдарын сақтай отырып алға жылжу керек.

Жалтақтамай өмір сүрудің үлгісін Түркия жасап жатыр. Жыл сайын туристер мәселесі есебінен қазына қоржынын толтыратын түрік ағайындарға коронавирустың үлкен соққы болғаны рас. Ресми дерек бойынша 83 миллион тұрғыны бар бұл елдің, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жәрдемақымен шешу мүмкін емес. Сондықтан Түркия

«Қауіпсіз туризм» жобасын қолға алып, қонақтарға шекарасын ашып берді. Дегенмен, сұлтандар еліне табаның тиюі үшін біраз шартты орындап, арнайы тәртіпке бағынуыңа тура келеді. Оның біріншісі – кез келген мемлекеттің тұрғыны Түркияға бармас бұрын ковид жұқтырмағанын растауы керек. Аурудан таза екенін дәлелдейтін анықта-

маны әуежайға дейін 72 сағат ішінде арнайы сайтқа жүктеу сұралады. ПЦР тест қорытындысын телефонға жүктеп алу маңызды. Себебі, түрік еліне кіргеннен бастап бұл анықтаманы сұрайтындар көп. Әуежайдан бөлек, қонақ үй, мейрамхана, сауда үйлері, музей,

де көз жеткізудің мүмкіндігі туды. Қазақстандық 7 журналист Стамбұл – Бұрса жобасы аясында Түркияның біраз көрікті жерлеріне барып, карантиндегі туризмнің жағдайына куә болып қайтты. Түркітілдес журналистер қорының жетекшісі Нәзия Жоямергенқызы

барынша тосқауыл қоятын міндеттер қамтылған.

Сонымен бірге, саяхат барысында вирус жұқтырып, ауруы анықталғандар медициналық сақтандыру шеңберінде тегін ем ала алады. Оларға жедел көмек ұсынылады. Туристер өз еліне кетерде

ТАРИХЫН ТАБЫС КӨЗІНЕ АЙНАЛДЫРҒАН ЕЛ



бастап барған журналистер Стамбұл, Бұрса, Изниик, Гөлязы қалаларын аралап, тарихи жәдігерлермен танысты. Алдыңғы жылдары 50 миллион шетелдік қонақтың бабын тауып жүрген Түркияға былтыр пандемияға байланысты 16 млн турист келген. Биылғы меже – 32 млн. Ал осынша мейманның көңілінен шығып, қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арнайы 150 ереже белгіленіпті. Онда елге келген азаматтардың ковидтен таза екеніне ғана емес, Түркиядан ауру жұқтырып алмауына да

ПЦР тест тапсырып, анықтама алады. Бұл да вирустың шекара аспауы үшін қажетті, міндетті шара.

Төтенше жағдай кезінде туризмді дамытуды мақсат етіп отырған Түркияның тұрғындарды вакциналауға да көңіл бөліп отырғаны байқалады. Осының өзі бұл мемлекеттің туристер арқылы табыс табуға тас-түйін лайын отырғанын көрсетсе керек.

Айнұр САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТАПСЫРМА БАР, ӘРЕКЕТ ЖОҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соның нәтижесінде жеке тұрғын үй құрылысына емес, ауыл шаруашылығына қарасты аумақта ширек ғасырдың ішінде жүздеген, мыңдаған жана ауылдар мен ықшам аудандар пайда болды. Олардың көпшілігінде әлі күнге дейін парк, скверлер жоқ. Тіпті қарама-қарсы бағытта қозғалған екі көлік әрең сиятын мұндай жерлерде ағаш егу тұрмақ, жолдың екі жағынан бірдей жаяу жүргіншілер жолағын салудың өзі кейде мұн боп қалды. Ал бірі 4-7 сотық жерде отбасына пана болар шағын үй мен монша және 2-3 түп жеміс ағашын қанағат тұтса, енді бірі сұранысты ескеріп, жер телімін түгел жалға берілетін пәтерлері бар құрылыспен толықтырғанды жөн көріп отыр.

Жыпырлай салынған құрылысқа толы мұндай ауыл мен ықшам аудандар көбіне архитектуралық қана емес, қауіпсіздік және өзге де құрылыс нормаларына сай келе бермейді. Сондықтан халқы да, ауданы да айтарлықтай кеңейгеніне қарамастан Алматы сияқты қаланың өзінде ағаш саны 2-2,5 миллионнан аспай отыр. Ал тұрғындарының саны ресми түрде 1,9 млн, бейресми есеп бойынша 3 млн деп есептелетін қала үшін бұл көп дей алмайсыз. Оның өзі Баум тоғайы, Панфилов бағы, Орталық демалыс паркі сияқты орындардың есебінен сақталып тұрғанын ескерсек, республикадағы ең жасыл желекті қала саналатын Алматының өзінде ағаш егу жайы әлі толық шешілмегенін аңғаруға болады.

Биліктің үш сатысының жұмысына баға берген кезде де ешкімнің ештеңеге жауап бермейтінін дәл осы көгалдандыру саласына қарап топшылауға болады. Өйткені, көгалдандыруға қатысты ағаш егу, құрағанын кесу, ауру ағаштарды емдеуге қатысты жауапты мекемелердің жұмысына ауылда да, қалада да көңілі толмайтын адамдар саны жыл өткен сайын өспесе, кемімей келеді. Тіпті көлік пен жүргіншілердің үстіне құлаған ағаштан зардап шегушілер мәселесі бұқаралық ақпарат құралдарында қанша айтылып, жазылып, көрсетілгенімен одан нәтиже шығарған ешкім табылмай тұр. Бірі мәселені нөсер жауын мен боранға жапса, екіншісі мемлекеттік конкурс пен тендерге, үшіншісі мердігерлерге сілтеп, өз арасында ары-бері жүгіртіп

шаршатқан соң еріксіз бәріне қолыңды бір сілтеуге мәжбүр етеді.

ЖОЛ БОЙЫНДА АҒАШ АЗ

Ауыл арасы тұрмақ, облыс және республикалық маңызы бар үлкен автожолдардың кейбір учаскелері қардан, бораннан қорғайтын ағаш егілмегендіктен қыста жиі қар басып қалып жатады. Тіпті, төтенше жағдайлар министрлігі тарапынан ескерту жарияланбай жолға шығып кеткен кейбір көліктердің бір емес, бірнеше тәулік бойы қар астында қалып қоятын сәттері де аз емес. Егер бәрі ғылыми түрде есептеліп жасалғанда және оған қатысы бар барлық мекеме өз қызметін сапалы жүргізетін болса мұндай жағдай ілуде бір орын алып, тіпті оны мүлде болдырмауға да мүмкіндік туар еді. Алайда бізде бәрі керісінше. Тұхымбақ, тәлімбақ секілді орындарды ел игілігіне тиімді пайдалануға ешкім жеткілікті деңгейде мән бермегендіктен, орман шаруашылығынан тартып, түрлі министрліктерге қарасты ғылыми-зерттеу институттарына дейінгі барлық құзырлы мекеменің тірлігі Крыловтың әйгілі мысалындағы аққу, шортан, һәм шаянның әрекеті секілді нәтижесіз. Осыған қарамастан олардың бәріне жыл сайын бюджеттен қомақты қаржы бөлініп жатыр. Алайда, оның қаншалықты жоспарланып, жүйелі түрде жүргізіліп, талданып, одан нақты қандай түйін жасалғанын ешкім білмейді, білмек тұрмақ айта да алмайды. Өйткені, жұмыстың бәрі басы мен аяғы жоқ, салмағын тек қағаз ғана көтере алатын сансыз есептермен әбден шегенделген. Сондықтан басқасын былай қойғанда Семейден Жидебайға дейінгі Абай жолының өзі кейде жабылып қалады. Өйткені автожолдың бойында желмен сырғыған қарды тоқтататын және боранның күшін азайтатын ағаш егілетін арнайы жолақтар әлі күнге дейін қарастырылмаған.

Мұндай жағдайды биылғы Наурыз мерекесі кезінде өзінің туған жері Абай ауданы Құндызды ауылында ашылған мешіттің ашылу рәсіміне барған кезде қазақ күресінен екі мәрте «Қазақстан барысы» жарысының жеңімпазы атанған Айбек Нұғымаров та басынан кешкен. Келігімен жол бойында қалған оның қар құрсауынан құтқарылған сәті туралы арнайы көркем фильм түсірсе де бо-

лады. Ал Аягөз бен Қалбатаудың арасында кешке қарай жолда қалып, құтқару қызметіне хабарласқан журналистерге көмек келесі тәулікте таңғы бестерде әрең жеткен.

КӨШЕТ САУДАСЫ ҚЫЗЫП ТҮР

Бүгінде Қазақстанда жеміс-жидек қана емес, сәндік ағаштар мен бұталардың да тең жартысынан астамы сырттан тасымалданады. 1 метрі 30 мың теңгеден басталатын сәндік ағаштардың қазір кез келген түрін оңай табуға болады. Тек ақшаңыз болсын. Еуропа мен Азия елдерінен ғана емес, мұхиттың ар жағындағы өзге құрлықтардан да тұқым, көшет, тыңайтқыш пен дәрі-дәрмек, бау-бақша құралдары да импортталып жатыр. Мамандардың айтуынша, сонымен бірге санитарлық тексерулерге қарамастан бұрын қазақ жерінде болмаған өсімдіктердің жаңа аурулары да көбейген. Біреулер оған шетелдік сорттарды сатумен, жерсіндірумен айналысып жүрген тәлімбақтардың және жеке фирмалардың қатысы бар десе, екіншілері бұл айып негізсіз екенін және оның әлі күнге дейін ғылыми тұрғыда дәлелденбегенін алға тартады. Үшінші болжам бойынша, мұндай жағдайдың қалыптасуы санитарлық, сараптамалық рұқсат беріп отырған мемлекеттік бақылау, қадағалау, реттеу қызметтерінің кінәсінен. Өйткені, олардың зертханалық және заманауи техникалық құрал-жабдықтармен жарақтандырылуы өте әлсіз. Тіпті кейбір сарапшылар олардың ғылыми тұрғыдан да, материалдық-техникалық тұрғыдан да ХХ ғасырда қалып қойғанын айтып дабыл қағуда. Сондықтан да біз өзге тұрмақ жер бетіндегі бүкіл алманың отаны болғанымызбен, оның табиғи гендік қорын сақтай алмай отырмыз. Тіпті осы қалпымызда қалатын болсақ, одан мүлде айырылып қалуымыз да әбден мүмкін. Мұны ғалымдардың айтып жүргеніне бірнеше жылдың жүзі болса да, бұл салада айтарлықтай ілгерілеушілік байқалмайды.

ПРЕЗИДЕНТ СӨЗІ ЖЕРДЕ ҚАЛМАУЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысы былтырғы Жолдауында: «Үкіметке экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі шараларды нақты жүзеге асыруға кірісуді

тапсырамын. Биологиялық әркелкілікті сақтау және тиімді пайдалану жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарларды бекіткен жөн. Бес жыл ішінде орман алқабында 2 миллиард, елді мекендерде 15 миллион ағаш отырғызылатын болады. Бұл еліміздегі көгалдандыру ауқымын кеңейтуге септігін тигізеді. Елорданың айналасындағы жасыл желектің ауқымын ұлғайту мәселесі өте маңызды. Қазақстанның ұлттық саябақтары мен басқа да табиғат байлықтарын зандық және нормативтік тұрғыдан қорғап, бұл салада құқық бұзған азаматтарды қылмыстық және әкімшілік жауапқа тарту тәртібін қатайту керек. Мектептер мен жоғары оқу орындарында өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беру ісіне назар аудару қажет. Қоғамда экологиялық құндылықтарды орнықтыруға үндейтін «Bірге – таза Qazaqstan» экологиялық акциясын жүйелі түрде өткізіп тұрған жөн. Ел ішіндегі экологиялық туризм мәдениетін белсенді дамыту – маңызды міндетіміз. Орта мерзімді кезеңде экономиканың өсімі мейлінше «жасыл экономика» жағдайында ілгерілеуге тиіс. Сондықтан қазірдің өзінде көміртегінің үлесін барынша азайтуға бағыт ұстаған жөн. Үкіметке ғылыми қауыммен және жеке сектормен бірлесіп, «жасыл өсім» жөніндегі ұсыныстар жиынтығын әзірлеуді тапсырамын» деген еді.

Әзірге БАҚ-та құзырлы орындардың мұнша ағаш егілді, жыл соңына дейін оны мұнша данаға жеткіземіз деген есебінен өзге әңгімесін естіп те, көріп те жүрген жоқпыз. Ағаш егуді наукандық шараға ғана айналдырып, халыққа қайда, қандай ағаштың түрін егуге болатынын және қандай ағаш түрін жеке тұрғын үйде екпеген жөн екенін ұғындырып жатқан ешкім жоқ. Тіпті кейбір атқарушы орган өкілдері әркімнің өз ауласында өсіп тұрған және үйге, көшеге құлау қаупі оны ағаштарды өз бетімен кесуіне тыйым салып, бұл үшін айыппұл төлетуде. Сондай-ақ, тұрғындар өздеріне алдын ала өтініш бергенімен, оны дер кезінде кесіп үлгермегеніне қарамастан ол көлікке және үйге құлаған жағдайда шығынды өтеуден түрлі сылтау айтып сытылып кетуде. Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет құру» идеясы жүзеге асу үшін, әлі қанша уақыт керек екенін әзірге ешкім дөп басып айта алмайды. Бірақ оның ертегі емес, ерте ме, кеш пе әйтеуір бір орындалатынына сенім зор.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жаннахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІК ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Қуаныш Серікжанов 8 707 889 01 33. Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Арсен Саттаров 8 705 808 14 31. Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Гүлбану Мақжан 8 701 697 39 86. Ерсұлтан Әмірбек 8 775 820 36 92. Шадиар Мекенбайұлы 87757335665 Талғатжан Мұхамәдиев 8 747 746 49 82.
Алматы облысы	
Ақтөбе облысы	
Жамбыл облысы	
Маңғыстау облысы	
Қызылорда облысы	
Түркістан облысы	
Шығыс Қазақстан облысы	

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау белмесі:
292-43-43; 292-79-61
E-mail: zannreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6019 дана
Апталық таралым 12 038 дана
Тапсырыс №44 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zannmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31